

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

**Ш.ЕСЕНОВ атындағы КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

Факультет «Туризм және тілдер»

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі

_____ А.Н. Отарова

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: **«Қазақ тіліндегі неологизмдердің қолданысы»**

Білім беру бағдарламасы: 6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Көшімова Б.Ә.

Кеңесші:

Орындаған: ҚТӘ-19-1 тобының студенті: **Бағытжанов Абыл**

Ақтау -2023

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ-----	
1 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ҚОЛДАНЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПТАРЫ-----	
1.1 Қазіргі қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстардың жалпы сипаттамасы -----	
1.2 Қазақ тіл біліміндегі жаңа сөздердің зерттелуі -----	
1.3 Жаңа қолданыстардың жасалуына әсер ететін факторлар-----	
1.4 Жаңа қолданыстардың лексика-семантикалық топтары-----	
2 2. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ-----	
2.1 Жаңа қолданыстардың сөзжасам тәсілдері арқылы жасалуы-----	
2.2 Жаңа сөздердің тілдік қолданысындағы қайшылықты мәселелер -----	
2.3 Қазіргі қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстардың типологиясы-----	
ҚОРЫТЫНДЫ-----	
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ-----	

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Тіл – өмірмен өзектес жанды құбылыс. Сондықтан да оның сөздік құрамы әрдайым өзгеріп, толысып, дамып отырады. Әр дәуір, әр қоғам, әр халық өзіне қажет жаңалықтарды тудырса, сол жаңа зат, құбылыс, ұғым, іс-әрекеттердің өз атаулары пайда болады.

Тілімізге кейінгі он жылдықта тек орыс тілінен ғана емес, шетел тілдерінен толассыз сөздер қолданысқа енуде. Жалпы тілдегі терминология саласы қоғамдағы жаңалықтармен үнемі тікелей байланысты болғандықтан, бұл үнемі жаңарып отырады әрі зерттеуді қажет етеді. Айталық, қазіргі қазақ терминологиясында ғасыр басындағы жағдаймен салыстырғанда айырмашылықтар көп, қазіргі кезеңде біздің тілімізде ұлттық терминологиямен қабаттаса ағылшын тілінен енген сөздер де басымдылық ала бастады.

Қазіргі кезеңдегі саяси, әлеуметтік, мәдени өміріміз бен ғылыми-техникалық дүниемізге қаншама жаңалықтар еніп отыр. Осыған орай қаншама атаулар – жеке сөздер мен сөз тіркестері, яғни заман талабына сай жаңа сөздер (неологизмдер) пайда болып жатыр.

Әлеуметтік, шаруашылық, мәдени өміріміздегі халықаралық жағдайда пайда болып жатқан жаңа ұғымдар да көптеген неологизмдерді талап етіп отыр. *Жаһандану – глобализация, ұлықтау рәсімі – иноугурация, тұсаукесер – презентация* сияқты атаулар жаңа мазмұнда жұмсала бастады.

Жаңа қолданыстар тек жаңа ұғымдарды білдіру үшін ғана емес, бұрыннан келе жатқан зат, бұйым, құбылыстарды дәлірек, дұрысырақ етіп қайта атау үшін де туып жатады. Бұрын *лауреат, музей, архив, реферат* деп орысша атап жүрген сөздерге қазақша балама табылып, бұл күнде *саңлақ, мұражай, мұрағат, мағлұмат* сөздерін қолданып жүрміз.

Жаңа сөздерді орыс тіл білімінде В.В. Веселитский, А.М. Селищев, А.Н. Кожин, Ю. Сорокин, Н.З. Котелова, В.В. Лопатин, т.б. ғалымдар зерттеген. Ал қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Р. Сыздық, А.Т. Қайдаров, Ш. Сарыбаев, Ө. Айтбайұлы, А. Алдашева, Н. Уәлиев, Ш. Құрманбайұлы еңбектерін атап өтуге болады. Бүгінгі таңдағы қазақ жазба үлгілерінде кеңінен көріне бастаған жаңа тұрпатты сөздер мен сөз тіркестерінің үлгілері топтастырған, тілдегі жаңа сөздерді тізімдеудің алғашқы әрекеті болып табылатын «Қазіргі қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» атты сөздіктердің үш басылымын атауға болады. Мұнда 1976-1993 жылдар аралығында пайда болып, айналымға түскен жаңа сөздер енген.

Бұл неологизм саласындағы маңызды шаруалардың бастамасы ғана. Соңғы 15-20 жыл төңірегінде, тіпті кейінгі 4-5 жылда қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамы сапалық жаңаруды, түлеуді бастан өткеруде. Жаңғыру үрдісі негізінен номинативтік атауларды жасау, төл тілдік терминдер жүйесін

одан әрі жетілдіру арқылы көзге түседі. Белгіді бір заттың, құрал-жабдықтың, құбылыстың, ұғым-түсініктің нақты атауын беру үшін, сондай-ақ терминдік ұғымдарды қалыптастыру мүддесінде, өзге де сыртқы тілдік және ішкі тілдік себеп-салдарға орай қазіргі қазақ әдеби тілі сөздік құрамының қатары әр алуан соны сөздермен, тың тіркестермен көбейе түсті. Ал әрбір жаңа сөз, әрбәр тың сөз тіркесі ғылым тарапынан елеп-екшеуді талап етеді. Осы өмірге келіп жатқан жаңа тілдік қолданыстардың айналымға еніп, қалыптасып тұрақталуында баспасөздің атқаратын қызметі ерекше. Мұны ғалым А. Байтұрсынұлының сөзімен айтар болсақ: «Әуелі, газет – халықтың көзі, құлағы ыәм тілі. Адамға көз, құлақ қандай керек болса, халыққа газет сондай керек...

Екінші, газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады.

Үшінші, газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетікпекші.

Төртінші газет – халықтың даушысы. «Жұртым» деп халықты арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады» [1, 10 б.]. Демек, баспасөз – қоғамның айнасы болғандықтан, көпшілік айтар ойы мен сөйлер сөзін түзеп қана қоймай, тіл мәдениеті бұрғысынан да кейбір мәселелерде «газетте былай жазылған» дегендей, баспасөзге де жүгінері хақ. Сондықтан да халықпен күнбе-күн жүздесіп отыратын баспасөздің тіл мәдениетін, әсіресе жазу мәдениетін қалыптастыру да маңызы зор.

Қазіргі қазақ тілі лексикасының құрамына қосылып, айналымға түсе бастаған соны сөздер мен тың орамдарды баспасөз тілі арқылы төмендегідей талдау жүргіземіз:

- жаңа сөздердің табиғатын, сыр-сипатын, өзге де айырым-сапаларын айқындау;

- әлеуметтік, саяси, мәдени, рухани өміріміз әкеләп отырған жаңа құбылыс, қарым-қантынас, түсінік-танымға қатысты ай сайын, жыл сайын туып жатқан ұғымдардың қазіргі тілдік қолданыста жұмсалуды, яғни бұлардың атқаратын қызметтеріне қарай лексика-семантикалық топтарға жіктеу;

- жаңа сөздерді туғызып отырған ішкі, сыртқы мүмкіншіліктер мен жасалу жолдары;

- олардың қоғамда алатын орны, қолдану аясын, яғни сөздің тарылуы мен кеңеюін айқындау бүгінгі таңда барынша көкейкесті мәселеге айналып отыр. Бұл зерттеу жұмысымыздың өзектілігі болып табылады.

Зерттеудің нысаны – 2000-2023 жылдар аралығында пайда болған жаңа сөздер.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің негізгі мақсаты – 15-20 жыл ішінде пайда болған жаңа сөздердің баспа беттеріндегі қолданысын айқындау болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін, алдымен мынадай міндеттерді шешу қажет деп білеміз:

- жаңа сөздердің жалпы сипаттамасын айқындау;
- жаңа қолданыстарды тану әдістерін қарастыру;
- жаңа қолданыстың пайда болған мерзімін анықтау;
- жаңа сөздерді лексика-семантикалық топтарға бөлу;
- жаңа сөздердің пайда болуына ықпал ететін сыртқы және ішкі тілдік факторларды талдау;
- құрылымдық жағынан талдау;
- тілдік қолданыстағы жаңа сөздерге байланысты туған кейбір қайшылықты мәселелерді қарастыру;
- абсолютті мағыналы, семантикалық индукцияға ұшыраған, сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы арқылы жасалған жаңа қолданыстарға семантикалық тұрғыдан талдау жасау.

Зерттеудің дереккөздері. Жаңа сөздер негізінен соңғы 15-20 жыл ішінде қазіргі қазақ баспасөзінде пайда болған және айналымға түскен/кем рет бір рет жұмсалған/, «Ана тілі» газет беттерінің мемтерминком бекіткен терминдерден, «Тіл» бағдарламасынан, <https://termincom.kz> сайтынан да алынды. Оларға талдау жұмысын жасау үшін этимологиялық сөздік, түрлі ғылым салаларына қатысты түсіндірме сөздіктер қолданылды. Сонымен қатар қазіргі таңдағы қолданысын айқындау мақсатында «Егемен Қазақстан», «Маңғыстау», «Айқын», «Ана тілі» т.б. газет-журналдар беттерінен мысалдар келтірілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Біріншіден, жаңа сөз ұғымын қамтитын категорияның (неологизм, окказионализм сөздерінің және потенциалды сөздердің) дара белгілеріне талдау жасалды;

- жаңа қолданыстардың анықтамасы берілді;
- соңғы 15-20 жыл ішінде пайда болған жаңа сөздер жинақталды, оларға лексика-семантикалық, құрылымдық жағынан талдау жасалды;
- қазақ халқының салт-дәстүрінде, тұрмыс-тіршілігінде, шаруашылығында қолданылған байырғы сөздердің жаңа мәнеге ие болып қолданылуы айқындалды;
- жаңа қолданыстағы сөздердің көпшілігі калька жолымен жасалғандығы, субстантивтену үрдісі арқылы жасалған жаңа қолданыстар қарастырылды;
- тілдік қолданыстағы кейбір жаңа сөздердің қайшылықты мәселелеріне талдау жасалынды.

Ғалымның мұрасы лингвистикалық еңбектерде жоғары бағаланғанмен, А.Байтұрсынұлының тіл біліміндегі орны, қосқан үлесі, ерекшелігі т.б. арнайы әңгіме өзегіне айнала қойған жоқ.

Екіншіден, ғалымның салиқалы пікірлері шетел және орыс түркітанушыларының, қазақ тілші ғалымдарының ілімдерімен байланыста қарастырылып, оның қазақ тілі білімінің негізін қалаушы, көрнекті лингвист ғалым ретіндегі орны анықталды.

Жұмыстың теориялық маңызы мен практикалық мәні.

Ұсынылып отырған жұмыстың қазіргі қазақ әдеби тілінің лексика саласын зерттеуге арналған еңбектер қатарында біршама үлес салмағы болуға тиіс. Жұмыста айтылған пікірлерді, талданған сөздерді жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде, гуманитарлық лицейлер мен мектептерде лексикология, тіл мәдениеті, әдеби тіл мәселелері бойынша өткізілетін дәрістерде, практика сабақтарында пайдалануға болады. Сондай-ақ екі тілдік сөздіктер мен тілашарлар, көмекші құралдар жасауға болады.

Зерттеу әдістері. Жұмыста салыстырмалы-салғастырмалы әдіс, жинақтау, құрылымдық, лексика-семантикалық әдістері қолданылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

Төл сөздің өз мүмкіндіктері негізінде ұғымдар атауын жетілдірудің, саралаудың мүмкіндіктері ашылды, сөзжасам тәсілдерінің қызметі саралана түсті. Өнімді сөзтудырушы амалдармен қатар өнімсіз сипаттағы тәсілдердің сөз тудырушы қабілеті артты. Жаңа сөз жасау, жаңа ұғымға жаңа атау телу немесе байырғы атаудың ыңғайлы баламасын қалыптастыру қазақ тілінің өз байлықтарына иек арту жолға қойыла бастады.

Сыртқы және ішкі тілдік факторларға орай қазақ әдеби тілінде жаңа қолданыстар жасау негізгі бағыттардың біріне айналды. Бұл бағыт ең алдымен, сөздіктер түзуді, жаңа қолданыстардың жасалу мерзімін, пайда болған өрісін белгілеуге жола ашады.

Тілдің лексикалық құрамынақ осылып жатқан жаңа сөздерге «жаңа қолданыстар» деген атау ұсынылды. Бұлау атаудың дәлелді себептері бар. Біріншіден, жоғарыда атап өткеніміздей, қазақ тіл білімінде жаңа сөздер мен тіркестер жеке-дара зерттелмегендіктен, бірқатар белгілері жағынан ұқсас келетін неологизмдер, окказионалды сөздер, потенциалды сөздер, индивидуалды-авторлық сөздер дегендердің ара жігі ажыратыла қойған жоқ. Сондықтан да бір мезгілде пайда болған, бір стильдік тармақта қолданылған екі жаңа қолданыстың бірін неологизм, әдеби тілге қажетті элемент деп, ал екіншісін, окказионалды сөз, бір қолданыс шеңберінен аспайтын лексикалық бірлік деп ажыратуға болмайды. Сондықтан да қазіргі қазақ баспасөз лексикасында көрініс тауып отырған елтаңба, Елбасы, ІІБ, төраға, емдәм, КБД, жаандану, өкіл, қаржыгер, пайыз, делдал, егемендік, қауымдастық тәрізді сөздерді ену мерзіміне қарай «жаңа қолданыстар» деген жалпы атаумен атаған жөн.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің дамуына тән басты ерекшеліктер қазақ баспасөзінің тілі арқылы айқын көрінеді. Қазіргі баспасөз тілі әдеби тіл шеңберінен тыс жатқан элементтердің – жергілікті тіл ерекшеліктерінің, тарихи сөздердің, архаизмдердің ауыспалы мағынада әдеби тіл айналымына түсуіне жол ашады, қазақ терминологиясының төл сөздің өз мүмкіндіктерімен одан әрі толығына ықпал етеді.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ҚОЛДАНЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПТАРЫ

1.1 Қазіргі қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстардың жалпы сипаттамасы

Жаңа қолданыстар қай тілдің болмасын лексика, лексикология, лексикография салаларына қатысты зерттеу еңбектерде қамтылып, бұл мәселе жөнінде жалпы тіл білімінде әр ғалым өз пікірін айтады. Орыс тіл білімінде жаңа сөздер мен тың орамдардың табиғаты, ерекшеліктері, өзіндік белгілері талдау жасалынатын ғылыми зерттеулер, әр деңгейдегі мақалалар, сөздік құралдар баршылық, қазақ тіл білімінде де жаңа сөздер сөз болатын еңбектер жоқ емес.

Орыс тіл білімінде жаңа сөздердің жеке-дара объект ретінде зерттелуі 1965 жылдан басталады. Осы кезден бастап орыс тіл біліміндегі дербес сала – неология ғылымының алғашқы нышандары көріне бастады, зерттелетін объектілері, мақсаттары сараланды [2, 3 б.]. Жаңа ұғым атауларын жеке сөздік етіп көпшілікке таныту 1971 жылы басталды. Мұнда орыс әдеби тіліне тек қана 60-ыншы жылдары енген неологизмдер түсіндіріліп берілді. Бұдан кейінгі кезеңдерде «Орыс лексикасындағы жаңалықтар» деген айдармен «Сөздік материалдары» жарияланып келді. Бұл 1971 жылғы сөздіктің жалғасы іспетті [3, 4 б.].

Қазақ тіл білімінде осы мәселеге қатысты сөздік жасаудың алғашқы тәжірибесі ретінде 1985 жылы тұңғыш рет жарық көрген «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» атты сөздікті атауға болады. Сөздіктің жарық көруіне үлес қосқандар: Ө.Айтбаев, А.Алдашева, Ш.Сарыбаев, Р.Сыздықова, Н.Уалиев, И.Ұйықпаев. Оған негізінен 1973-1983 жылдарда баспасөз бетінде және өзге әдебиеттерде кездескен тың мағыналы сөздер енген. Бұл кітапшада осындай соны қолданыстардың білдіретін мағыналары мен орыс тіліндегі баламалары көрсетіледі [4, 3 б.]. Одан кейін 1984-1988 жылдарда жиналған материалдармен толықтырылған екінші басылым 1990 жылы [5, 3 б.], келесі үшінші басылым 1992 жылы «Жаңа атаулар» деген атпен жарық көрді. Бұл сөздікте қазақ жазба тіліндегі әр алуан ғылым салаларына, қоғам өміріне қатысты терминдер мен терминдік сөз тіркестері, бірқолданымдық ыңғайындағы лексикалық бірліктер, экспрессивті синонимдер көрініс тапқан [3, 3 б.].

Жалпы неологизм ұғымына қатысты терминдерді танып, оларды бір-бірінен ажырату мақсатында екі топқа жіктеп қарастырамыз:

а) Неологизм ұғымына қатысты терминдер;

ә) Неологизмдерді тану және оларды өзге ұғымдардан ажырату мәселелері.

Орыс тіл білімінде бірқатар зерттеушілер неологизм ұғымына қатысты терминге өз тараптарынан талдау жасайды. В.В. Лопатин новые слова және неологизм дегендерді синоним ретінде қатар жұмсайды. Сондай-ақ окказионалды сөзбен неологизм терминінің ара жігін ажыратып көрсетеді. Ал А.В.Калинин жаңа сөзді көпшілік қауымға кеңінен танымал болған, халықтың құлағы үйренген сөздер деп көрсетіп, ал мейлінше жаңа, халыққа тосын, мағынасы түсініксіз сөздерді неологизм терминінің шеңберіне қарай топтастырады. А.Аржанов өзінің «Закон есть закон» мақаласында жаңа сөздердің неологизм және эгологизм деп екі түрін бір-бірінен ажыратып көрсетеді. Оның ойынша, неологизм тез халыққа таралып, барлық мәнмәтінде қолданылады және сөздіктерде тіркеледі. Ал эгологизм – тек белгілі бір мәнмәтінде өмір сүреді [6, 64 б.].

Жоғарыдағы пікірлерге қарап, орыс тіл білімінде неологизм және осы ұғымға қатысты қамтитын сөздердің қалай жіктеу жөніндегі пікірлер біркелкі, бірыңғай еместігін, өз сапа белгілері толық ажыратыла қоймағандығын байқауға болады.

Түркітану ғылымында неологизм мәселесі тікелей қозғалатын, арнайы айтылатын жұмыстарда олардың топтастырылуы үшін негізінен орыс тілі білімінде қалыптасқан тұжырымдар мен дәйектер басшылыққа алынады. Қазақ тіл білімінде тілші-ғалым Р. Сыздықова: «Жаңа сөз дегеніміз – тілде бұрыннан бар сөздердің (түбірлердің) жұрнақтар жалғауы, бір-бірімен қосақталуы (бірігуі, кірігуі, жұптасуы), тіркесуі, қысқарып барып бірігуі, мағына ауыстыруы сияқты амалдардың бірі арқылы құбылған түрлері» – деген анықтама берген [3, 6 б.]. Ө. Айтбайұлы, А. Қайдарұлы сынды ғалымдардың пікірлері де осыған саяды.

Р. Сыздықова қазақ тілінде 1990 жылдардағы неологизм қолданыстың пайда болуына себапкер үш жағдайды атап көрсеткен.

Бірінші, өмірдің өзі әкелген жабналықтарды атау қажеттігі. Осыған оратып көптеген ұғымдарды білдіруде қазақ тілінің өз мүмкіндігі бар екендігі, оған бейімділігі күшті екені айқын болды. Соның нәтижесінде 1970-80 жылдарға дейін орысша қолданып келген устав-жарғы, программа-бағарлама, компенция-төлемақы, дакумент-құжат, информьация-ақпараот, пенсия-зейнетақы, спонсор-демеуші, процьент-пайыз, репатриант-оралым, репрессия- қуғын-сүргін, орган-мүше, ағза т.б. қазақша аталатын болды. 1920-30 жылдары біраз қолданып, кейін ығыстырылған *төраға, хатшы, құқық құжат т.б. сөздер қайтадан қлданысқа енді, сусамыр (диабет) т.б.* терминдер жасауға пайдаланады.

Екінші, бұрын орысша аталып немесе суреттеме (түсіндірме) жолымен беріліп келген ұғымдардың қазақша жатық, мүмкіндігінше дәл баламасын табуға әрекет, іздемі артты. Мысалы: *жолсерік, (проводник) жолсапар (командировка), телекөпір (телемост), отбасы (семья), нарық (рынок),* Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

мердігерлік (подряд), ұшақ (самалет), тікұшақ (верталет) зерхана (ювелирная мастерская), зертхана (лаборатория), көлікдол (проезжая часть дороги) жаяужол (тротуар), бағдаршам (светофор), өткізілім (реализация), жаһандану (глобализация) т.б. орыс тілінен калькалау арқылы. Қызыл кітап (Красная книга) дөңгелек үстел (круглый стол), қайталама шикізат (вторичное сырье), қайтарма (отдена) т.б. сөздер жасалады.

Үшінші, бағалаушының мәні бар сөздерді жасау қажеттілігі туды. Мыс алы: *ғарыш (космос), ғарышкер (космонавт), ғарышнама (космология), атомгер (атомщик), мадақнама (грамота)ғ өмірнама (биография), ғаламшар (планета), ән ұран (гимн), елтаңба (герб), зейнет ақы (пенсия), қала басы (мэр город) т.б. терминдік ресим атаулар алғашында экспрессия, көтеріңкілік сияқты бағалаушылық мәні бар, қосалқы атаулардан пайда болған.*

Авторы белгілі сөздерді окказионалды сипаттағы санаттар деп тану да екіұдай көзқарасты туғызады. Мысалы: А. Жұбановтың «Замана бүлбүлдары» атты әңгіме-очеркінде жұмсалған талапкер/абитуриент, С. Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» романындағы жарнама/реклама тәрізді сөздерін авторы белгілі дегенді межеге алсақ және пайда болған уақытымен санасақ, сөз жоқ «жаңа» емес және окказионалды сөз. Алайда аталған сөздерді қазіргі тілді тұтынушы қауым жаңа сөз деп таниды. Оның себебі – жарнама, талапкер сөздері соңғы жылдары ғана кең қолданысқа түсіп, әдеби тіл элементі ретінде орныға бастады. Сондықтан да қазіргі таңда қолданысқа түскен сөздер тобын «жаңа қолданыстар» деп алғанды жөн көрдік.

1.2 Қазақ тіл біліміндегі жаңа сөздердің зерттелуі

Қазақ тіл танымының теориялық мәселелерінің қалыптасуы көрнекті ғалымдар – А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтың есімдерімен қатар аталатындығы мәлім. А.Байтұрсынұлы және Қ.Жұбанов өткен ғасырдың бас кезінің өзінде-ақ қазақ тіл білімінің негізгі бағыттарын бағдарлама, тезистер түрінде анықтап берген еді. Объективті түрде қарағанда, қазақ тіліндегі жаңа сөздерді тану мен талдау, ажырату мен сұрыптау қазақ тіл танымының хронологиялық басталған кезеңдеріне – өткен ғасырдың 20-жылдарына тікелей қатысты.

А.Байтұрсынұлы ұлттық философияның бір тармағы тілді сақтап қалу, оның құрметтеу мақсатындағы айтылған көптеген пікірлерімен қатар тіл мен әдебиеттің ұғым категорияларының қазақша баламаларын табуға елеулі үлес қосып, осы екі саланың терминдерінің жүйеленуі мен сұрыпталуының негізін қалады. Академик Р.Сыздық былай деп жазады: «Егер әрбір құбылысты, әрбір іс-әрекетті өз кезеңіне қарап, сол кезеңдегі жағдайға қарап тану керектігін мойындасақ, А.Байтұрсынұлының термин жасаудағы «қазақшылығының» негізі бар екендігін көреміз, ұстаған принципі дұрыс

екендігін танымыз. Ол принцип – жас ғылым салаларының терминдерін жасауда қазақ тілінің өз мүмкіндігіне иек артуға негізделеді» [7].

«Баспасөзде, кітаптарда, оқулықтарда, радио-теледидарда қазір кең де еркін қолданылатын сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, ... меңзеу, теңеу, алмастыру, кейіптеу, қайталақтау, көсемсөз, уағыз, толғау, шендестіру ... сияқты ұғымдарды тұңғыш рет енгізіп, осы сөздерді термин дәрежесіне көтерген А. Байтұрсынұлы екенін айту – тарихи әділет [8, 13 б.].

Ғалым Қ. Жұбанов жаңа сөздерді қазақ терминологиясының қалыптасуымен біртұтастықта қараған. Шын мәнінде жаңадан пайда болған белгілі бір сөздің, ұғым мен түсініктің ішкі мазмұна сыртқы формасының сәйкес келуін семантикалық тұрғыдан талдаған алғашқы пікірлерді Қ. Жұбанов айтқан болатын. Бұл ретте көрнекті ғалымның атом, психология, геометрия сияқты халықаралық терминдердің ішкі семантикасын анықтай отырып, оларға берілген кейбір қазақша баламалардың сәйкес келмейтіндігін (мысалы, психология – жан жүйесі, геометрия – пішіндеме) ғылыми тұрғыдан дәлелдегенін жаңа сөздер туралы ғылымның – неологияның алғашқы тұжырымдары деп бағалауға болады.

Академик І. Кеңесбаев былай деп көрсеткен еді: «Қ. Жұбанов Республика Үкіметі жанындағы терминология мен емлені үйлестіру орталығын ұйымдастырушылардың бірі болатын. Оның басшылығымен Мемлекеттік терминком бюллетенінің төрт номері басылып шықты, онда көп ғылым саласы бойынша қазақша терминдердің үлгісін жариялады. Қ. Жұбановтың өзі ...терминдердің ерекшелігі емле мәселелерін сөз етті. Бұл мақалалар ...әлі күнге маңызын жойған жоқ [9, 28 б.].

А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбановтың теориялық-практикалық ұсыныстары мен тұжырымдары туралы кейінгі тілші-ғалымдардың айтқан пікірлері сол кезеңде жаңа сөздерді жүйелеу бағытының біршама қолға алына бастағандығын көрсетеді.

XX ғасырдың I жартысында қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздердің зерттелуі терминтану / терминтаным мәселелеріне тікелей байланысты болды. Бұл жайт сол кезеңде туындаған объективті факторларға – білім беру жүйесіне дендеп енгізіле бастаған халықаралық терминдерді жеделдете меңгерту үшін мағынасын анықтау, жұртшылықты сауаттандыру факторларына байланысты еді. Тағы да бір аса маңызды фактор байқалған еді: тілдің тазалығын, өміршеңдігін сақтау жиырмасыншы ғасырдағы қазақ зиялыларының негізгі ұлттық ұстанымына айналып, ғылыми сипат алды. Сол тұстың зиялы қауымы ұлттық-мәдени мазмұндағы қазақтың сөз байлығын ғылым мен техниканың тіліне айналдыруға ұмтылыс жасады. Қазақ тілінің ішкі мүмкіндігі, сөздік қорға енетін жаңа атаулардың ұлттық сипаты туралы Х. Досмұхамедұлы былай деп жазады: «Қазақ тілі тексеріліп болған жоқ. Біз жат тілдерге қызығуды қойып, әуелі өз тілімізді дұрыстап тексеруіміз керек.

Шындап тексерсек, қазақ тілінің өзінен пәнге жарайтын көп сөздер табылады» [10].

Сөз болып отырған кезеңде ғылым мен техниканың тілін қазақшаға айналдырудағы іс-шаралардың қаншалықты маңызды болғандығын С. Елубай былайша анықтайды:

– бұл кезең өзінің күрделілігімен қазақ тарихының, оның ішінде мәдениет дамуы тарихының ішінде сипатталады. Осы күрделі кезеңде өмір сүргендігіне, саяси идеологиялар соққысына қарамастан, ұлт мүддесі мақсатында тілдік мәселелердің шешілуі – осы кезеңге тән басты ерекшелік.

– тілдің даму деңгейі алғаш рет ірі ықпалдар мен соққыларға ұшыраған кезең осы тұсқа сай келеді. Алғаш кедергілерге тап болған тіл дамуының тарихындағы кезеңде қазіргіге қарағанда нәтижелі шешімдер қабылдана білген. Мұның айғағы – ұлттық тілді ұлт дыбыстарына сәйкес дыбыстай білуі, ұлт тілін қолданушы тұлғалардың өзге сананы меңгермей, таза ұлттық санамен таза тілді сақтап қалуға ұмтылуы, соған сәйкес қазақ табиғатына жат болмайтын ұлт тіліндегі терминдер мен сөздерді жасап, қалыптастыра алғандығы әсер еткен [11].

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы жаңа сөздерге қатысты пікірлерді осылайша қорытуға болады. Тарихи кезеңдерде жаңа сөздердің зерттелуіне қатысты ғылыми тұжырымдарды қазақ әдеби тілінің тарихына арналған еңбектерден де кездестіреміз. Айталық, XVIII-XIX ғасырдағы әдеби тілдің тарихы, алғашқы қазақ баспасөзінің тілі диахронды түрде зерделенген еңбектерде де жекелеген жаңа сөздер туралы тілдік фактілер келтіріледі [12, 8 б.].

Өткен ғасырдың 1920-30 жылдардағы қазақ әдебиетінде пайда болған неологизмдерге арналған ғалым Ш. Бәйтікованың зерттеуі бар. Бұл еңбектің құнды жағы – Алаш зиялыларымен қатар Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәбит Дөнентаев, Сабыр Шәріпов сияқты қаламгерлердің шығармаларынан тілдік фактілердің талдануында [13, 4 б.].

Тілдің лексикалық қабатына тән нормалар басқа қабаттардағы нормалармен бірге тілдің жалпы нормасын құрайды. Кез келген тілдің әдебилігі оны тұтынатын қоғам мүшелеріне түсініктілігімен және ортақ қарым-қатынас құралының ең жоғарғы түрі болуымен сипатталатынын айта келе ғалым С. Исаев былай деп жазады: «Әдеби тілдің нормалары да тарихи категория, ол қоғамдық өмірге, оның өзгерісіне сай өзгеріп, дамып отырады. Бір кезеңдегі кейбір нормалар кейінгі кезеңде норма болмай қалуы, керісінше, жаңа нормалар қалыптасуы мүмкін. Оны біз қазіргі қазақ әдеби тілінің фонетикалық жүйесінен, грамматикалық құрылысынан, лексикалық құрамынан айқын көреміз. Тілдегі архаизм, историзм сияқты көнерген сөздер мен жаңа туып отыратын неологизмдер, конструктивті үлгілер осыны көрсетеді... Мысалы, бір дәуірде қазақ әдеби тілінде *болыс, старшын, төбе би, болыс айлау, әмеңгер, жар салу, құн төлеу, ұрын бару* сияқты сөздер мен

Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

сөз тіркестері норма болса, қазіргі қазақ әдеби тілінен олар шығып қалды, керісінше, *депутат, дауыс беру, қамқорлыққа алу, гарышкер, оқулық, оқырман, оқу залы, аялдама, тоңазытқыш* тәрізді сөздер мен сөз орамдары – ол кездегі әдеби тілде мүлдем қолданылмаған, кейінгі нормалар [14, 15 б.].

Қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздердің пайда болуы, жасалуы тіл дамуының кезеңдерінде әртүрлі. Өткен ғасырдың 20-30 жылдарында жасалған жаңа сөздердің пайда болуы тіл тазалығы, ағартушылық бағыт негізінде болды. Одан кейінгі кезеңдерде орыс тілінің қарым-қатынас құралы ретінде басым бағытты иеленуіне байланыста қазақ тіліндегі жаңа сөздердің тілге енуі бәсеңдеді. Мысалы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мерзімді басылымдардың тілі бойынша зерттеуде орыс тілі сөздерінің сөздік құрамға енуі прогрессивті бағыт ретінде баса айтылған, жаңа сөздер мәселесі қозғалмаған [15].

1960 жылдары қазақтың зиялы қауымы күнделікті тұрмысқа дендеп енген тұрмыстық заттар мен бұйымдардың, ұғым-түсініктердің қазақша баламасын қалыптастыра бастады. Мысалы, кейбір мәліметтерге қарағанда 1960 жылдары белгілі аудармашы І.Жарылғапов 200-ден аса жаңа сөздер жасаған, бірақ олар ешқандай нұсқада тіркелмеген. Олардың ішінде аялдама, балмұздақ, оқырман, көрермен, қолшатыр сияқты бірер сөздер ғана ғылыми талдаудан өтіп, 1970 жылдардың орта тұстарына қарай әдеби нормаға айналған. Осы тұтаста, яғни 1960 жылдардың аяқ жағына қарай қазақ тіл ғылымында бірқатар қолданбалы проблемаларға, сөз мәдениеті, қазақ терминологиясы, аударма, емле мәселелері сияқты маңызды тармақтарға көңіл аударыла бастады. Оларға қатысты айтылған ғылыми пікірлердің қай қайсысында да жаңа сөздер және олардың нормалануы туралы айтылды.

Терминологияны қазақыландыру мәселесі ғұлама жазушы М.Әуезовтің пікірі бар: «Ғылым тілі – бұл уақытқа шейін қазақ оқығанының бір қалыпқа қойып, бір негізге құра алмай келе жатқан мәселесінің бірі» деп, ғылыми терминдердің тіл жүйесіндегі маңыздылығын және термин жасамдағы қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерінің мол екендігін атап көрсетеді. Ал қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру мәселесі әлі күнге дейін нақты шешімі табылмаған мәселе».

Қазақ әдеби тілінің неологизмдермен баюы мен толығыуы мәселесі қазақ ғалымы М.Б. Балақаевтың еңбектерінде де қарастырылды. Академик М. Балақаев қазақ тілінің негізгі толығыу жолдарын көрсетеді (араб, парсы және орыс тілдерінен сөздердің кіруі) «неологизм» ұғымына анықтама береді, алайда шынайы неологизмдер мен окказионализмдерді ажыратпайды, қазақ тілінің сөздік қорының толығыуындағы белсенді аффикстерге жан-жақты сипаттама береді.

Қазақ әдеби тілінің сөздік құрамындағы жаңа сөздерді ғылыми-теориялық зерделеудің көш басынан академик Рәбиға Сыздық көрінді. Шын мәнінде академик Р. Сыздық қазақ неологиясы мен неографиясының негізін қалаушылардың бірі деп санауға әбден болады. Ол 1966 жылы «Жұлдыз»

журналында жарияланған мақаласында сөздік қорға енген жаңа сөздерді қажеттілігі, семантикалық сәйкестілігі, жасалу жолдары жағынан пайымдап, жаңа сөздердің орнығуы мен нормалануындағы жазба нұсқалардың, әсіресе баспасөз тілінің доминант сала екендігін анықтап берді.

«Заман өткен сайын сөздік қазынаның сан жағынан молая түсу тенденциясын жоққа шығаруға болмайтынын мойындау керек» дей отырып, зерттеуші кейінгі зерттеулерінде қазақ тіліндегі лексикалық жаңа бірліктердің теориялық негіздері мен ұстанымдарын, олардың түрлері мен жасалу көздерін, нормалануын талдайды [16].

Ғылымда «неологизм» деп аталғанымен, тіл айналымына түсетін жаңа сөздердің өзі қолданысына, жұмсалатын өрісіне қарай, сондай-ақ әдеби тілге енген немесе енуге әлеуеті байқалған, жеке тұлғаның, ақын-жазушылардың тарапынан жасалған бірқолданыс сөздер, басқа тілдерден енген сөздер түрінде ажыратылатыны белгілі. Әлемдік ғылымда кейде олардың барлығын да «неологизм» деп танушылық бар. Осы аталғандардың нормалық және нормалану дәрежесі, сөздік құрамға қосылу мүмкіндігі әр басқа болатындығын байқап, ұстаз Р. Сыздық оларға «тілдегі жаңалықтар» немесе «тілдік жаңалық» деген нақты атау береді. Тілдегі жаңалықтарды номинация, терминология, аударма, сөзжасам және сөз мәдениеті салаларымен тығыз байланыста қарау, талдау керектігін көрсетеді. Ғалымның пікірі бойынша тілдегі жаңа қолданыстарды ең алдымен «неологизм», «аэлогизм» және «неолексизм» қатарларына топтастырып барып талдау керек. Зерттеушінің неологизм деп танығандары қосымшалар арқылы (өтіл, салымшы, ауысым), сөз біріктіру жолымен (орамжапырақ, тұсаукесер, ақуыз), сөз тіркестіру арқылы (атаулы көмек, тұтыну қоржыны), сөз мағынасының ауысуы (желі, қарымта кездесу, еншілес кәсіпорын) арқылы жасалған, қазақтың төл сөздері негіз болған жаңа бірліктер болса, аэлогизм қатарын құрайтындары – байырғы сөздердің жаңа мағынаны иеленуі (көзқаман), ал неолексизм – сирек қолданыстағы, қазіргі нормативті сөздіктерге енгізілмеген, «қайта тірілген» сөздердің жаңа мағынаға ие болуы (егемен, орынтақ, ұйқамақ).

Академик Р. Сыздық тұжырымдарының жаңалығы қазіргі жаңа сөздердің пайда болуының тілге деген ұлттық рухани сұраныстың күшеюі мен ұлттық сананың беки түсуіне байланысты қарастырылуында.

Ғалым тарапынан көңіл бөлінген өзекті мәселе – бүгінгі жаңа қолданыстардың әлеби тілге ену әлеуеті мен нормалануы. Ғалымның көрсетуі бойынша бірқатар жаңа бірліктер тілден орын алды, оған себеп болған факторлар:

- 1) беретін ұғымның семантикалық өлшеміне сай келуі;
- 2) әлеуметтік талғамның үдесінен шығуы; қолданыста олардың ортақтық, дәстүрлік, тұрақтылық сипатының қалыптасуы.

Автор айтқан маңызды тұжырымдардың тағы бірі – субъективті түрде, жоғарыда аталғандай өлшемдерге жауап бере алмайтын жаңа сөздердің қалай бағаланатындығы. «Бүгінде еркін және өз орнында қолданылып келе жатқан, Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

басым көпшілігі «кірме сөз» статусына ие бола алатын интербірліктердің баршасын қазақшалап, олардың орнына қайткенде де қазақша неологизмдер ұсыну ұстанымын (принципін, мұратын, бағыт-мақсатын) толық мақұлдауға болмайды. ... кірме сөздерді қазақ лексикасының бір қабаты деп тану керек», – дейді ғалым. Бұл пікір ұсынылған жаңа сөздің қолданысқа қажетсіздігінің, олардың семантикалық сәйкессіздігінің себептерін тануға, жалған жаңа сөздер жасалуының тоқталуына тіреу бола алады.

Өткен ғасырдың 80-жылдарына қарай жаңа сөздер ұғымы тұтастай алғанда қазақ терминологиясын жетілдіру және ғылым мен техниканы қазақша сөйлету мәселесімен біртұтастықта қарастырылды.

Академик Ә.Қайдар «термин (атау) шығармашылығында ана тіліміздің өз мүмкіндіктерін сарқа пайдаланудың орнына термин жасаудың оңай жолы – шет тіл элементтерін қабылдауға көбірек көңіл бөлуден кірме терминдердің көбейіп, ана тіліміздің ұлттық ерекшеліктерімен табиғатына нұқсан келе бастады. Мұндай жағдайдың дами түсуіне бүгінге дейінгі қалыптасқан мына фактор себеп болып отыр: тілімізге күн санап, апта санап (соңғы кезде шығып жатқан әр түрлі пәндердің сөздігі арқылы да) еніп жатқан жүздеген, мыңдаған терминдік ұғымдардың барлығы бір орталықтан, яғни «донор – тіл» деп аталатын орыс тілінен ғана еніп, жаңа терминдер тек соның негізінде жасалып қабылдануынан сақтану керек», – дейді [17, 3 б.].

Қазақ әдеби тілінің сөздік құрамына қандай өзгеру үдерістері тән екендігі және тілдің толығу үдерістері туралы пікірлерді академик Ш. Сарыбаев қорытқан. Ғалым өз зерттеуінде неологизмдердің атау қызметін көрсете келе, кез келген жаңа құбылыс, жаңа нәрсе және жаңа зат өзімен бірге жаңа ұғымды ала келсе, сонымен бірге жаңа сөз де келетіндігін айтады. Ш. Сарыбаев сөздік қордың баю жолдарына мысал ретінде сөз мағынасының кеңеюі мен олардың басқа мағынаны иеленуін көрсетеді және бұл фактордың қазақ әдеби тілінің баюындағы оң рөлін атайды. Ғалым әсіресе бұрынғы мағынасын сақтаған және сонымен бірге жаңа мағынаға ие болған сөздер, яғни мағынасы кеңею үдерісіне түскендердің тілді байытудағы қызметін саралаған [18, 106 б.].

Академик Ө. Айтбаев тілдегі жаңалықтар туралы: «белгілі бір дәуірде эволюциялық дамудан революциялық сапаға ауысып, ал кейде керісінше қалыпты күйге көшіп отырады. Тілде пәлендей революциялық өзгерістер бола қоймағанмен, ол қоғамдық құбылыстардың бәрін қамтып, соған лайықты ұғым, түсініктерді сөз түрінде таңбалап береді. Барлық өзгеріс, өрістер тілде көрініс бермей тұрмайды, – деп көрсетеді [19, 80 б.]. Қазақ әдеби тілінің сөздік қоры туралы қазақ ғалымдарының ішінде О. Бүркітовтің «Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі» деп аталатын диссертациялық жұмысындағы ғылыми тұжырымдар да маңызды. Зерттеуде ғалым публицистикалық стильдің сөздік қормен тығыз байланысына ерекше назар аударады. Сондай-ақ автор тарапынан мерзімді баспасөздегі жаңа сөздердің

жасалу тәсілдері және жаңа сөздерді қолданудағы публицистикалық стильдің рөлі қарастырылады [20, 14 б.].

Қазақ әдеби тіліндегі жаңа қолданыстардың белгілі бір кезеңдегі (1976-1991 жылдар арасындағы) жалпы сипатын, олардың нормалануы мен қалыптануындағы нақты коммуникативтік кеңістік – мерзімді баспасөздің рөлін, жаңа сөздердің нормалануына ықпал ететін өзара байланыстағы үш ұстанымды (өзектілік, сәйкестік және эстетикалық ұстанымдар талданған зерттеу неология ғылымының теориясы мен практикасында айрықша атап өтуге тұрарлық.

1995 жылға дейінгі мерзімдегі жаңа сөздердің табиғаты Қ. Қадырқұловтың еңбегінде талданған [21]. 1991 жылдан бастап қазақ тіл білімінде жаңа сөздер қазақ тілі терминдерін қалыптастыру мәселелері аясында біртұтас қарастырыла бастады. Терминденетін лексика сөздері, жалпы халықтық тілдегі сөздердің терминдену ерекшеліктері, жаңа атаулардың жүйелену қажеттілігі, тұтастай алғанда, ұлт тіліндегі ғылыми-техникалық терминологияны қалыптастыру, термин шығармашылығының әртүрлі қырлары тікелей арқау болған іргелі еңбектер бар [18].

Терминологиялық сөздіктерді шығаруға қойылатын талаптар мен практикалық ұсыныстар, терминді жасауға қатысты әлеумет, тіл, ғылым мүдделерінен туындайтын лингвистикалық талаптар, термин түзудің ғылыми-практикалық қисындары талданған зерттеулерде де жаңа сөздердің табиғаты біршама сөз болады [22, 22 б.].

Зерттеуші Н.И. Букетованың еңбегі бірнеше тілдердегі жаңа сөздерді жасайтын түбір морфемаларды талдауға арналған. Қазақ тіліндегі неологизмдер салыстырмалы-тарихи және салғастырмалы тіл білімі аясында қарастырылған. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі жаңа сөздердің – қоғамдық-саяси неологизмдердің қалыптасуы мен қолданысқа түсуінің кешенді талдауы жүзеге асырылған еңбек жаңа сөздердің құрылымы әрбасқа тілдердегі сипаттамасын жан-жақты танытқан.

Шамамен алғанда, 1976-2015 жылдарға дейінгі аралықтағы жаңа сөздердің лексикографиялық түзілуін анықтау да жаңа сөздерді жүйелеу, талдау және сұрыптау мәселелерінде маңызды. Қазақ тіл білімінде жаңа сөздердің тіркелуі 1985 жылы жүзеге асырылды. Қазақ тіліндегі жаңа атаулардың үш жинағы ғалымдар тарапынан «қазақ әдеби тілі лексикасының дамуын, жаңа сөздердің жинақталуын көрсетуі жағынан аса құнды еңбек» деп бағаланған. Зерттеу нысанына қарай жаңа сөздер бойынша тілдік фактілерді талдауда, жүйелеуде, сұрыптауда және олардың қалыптану үдерістерін белгілеуде соңғы 25-30 жыл ішінде жарияланған екі тілді терминологиялық сөздіктердің рөлі айрықша. Ғалымдардың көрсетуінше, 1991 жылдан бері қарайғы кезеңде ғылымның барлық дерлік салалары бойынша 200-ге тарта екітілді, түсіндірме, терминологиялық сөздіктер жарияланған.

Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

Жаңа сөздерге қатысты мәселелерді анықтауда Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен 31 ғылым саласы бойынша қазақша-орысша және орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер сериясы жаңа сөздерді жүйелеу және қалыптану үдерістерін зерделеу тұрғысынан бірегей басылым болып бағаланады.

Қазақ әдеби тіліндегі жаңа сөздердің зерттеулерінің табиғатына қатысты мынадай қорытынды жасалған болатын: «қоғам өміріндегі жаңғырулар, тілдің өз қозғалысы лексикалық құрамды әрдайым жаңа тілдік бірліктермен толықтырып отырады, сондықтан қазақ тілтанымында неология мен неография саласын, әсіресе тілге толассыз енген (және еніп жатқан) жаңа тілдік бірліктердің кодификациялануын теориялық-практикалық тұрғыдан қарқынды дамыту маңызды болып отыр. Осы салалардың кешенді түрде қолға алынуы қазақ сөз мәдениеті, әдеби тіл нормалары, терминология және терминография, аударма және әлеуметтік лингвистика, лексикология мен сөз семантикасы, әдеби тілдің функционалды стильдерінің қазіргі сипаты, орта мектептерде білім беру жүйесінде қазақ тілін оқыту әдістемесін жандандыру бағыттарындағы зерттеулерді толықтыратыны, ең бастысы – қазақ неологиясы мен неографиясының қалыптасуына жол ашатыны сөзсіз.

1.3. Жаңа қолданыстардың жасалуына әсер ететін факторлар

Бүгінгі таңдағы қазақ тіліндегі жаңа қолданыстардың жасалуына қоғамдық-әлеуметтік, ғылыми-техникалық күш-ықпалдармен қатар тілдің өз заңдылықтары да себепкер болып отыр. Сондықтан да біз жаңа қолданыстардың «дүниеге келуіне» жол ашатын әр алуан жағдаяттарды, факторларды кең ыңғайда топтастырдық, олар – экстралингвистикалық /сыртқы тілдік/ және интралингвистикалық /ішкі тілдік/ факторлар.

Қазақ тілінің қазіргі қалыпқа келуі біріншіден, кең түрде орыс тілінен сөз алу себеп болса, екіншіден, тілдің ішкі факторлары аса зор маңызы болды.

1) Тілден тыс факторлар арқылы жасалған жаңа қолданыстар. Еліміздің егемендік алуы, тіліміздің мемлекеттік мәртебесін иемденуі, сондай-ақ еліміздің Ата заңын және мемлекеттік рәміздерді қабылдауы және елімізде жүргізілген, жүргізіліп жатқан саяси-экономикалық т.б. реформаларға байланысты қазақ баспасөзі жаңа сөздер, жаңа қолданыстармен байи түсті.

Мысалы: саяси өзгерістерге байланысты: *Елбасы, егемендік, әнұран, елтаңба, оралман т.б. экономикалық реформаларға байланысты: нарық, кеден, көтерме сауда, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, ықпалшара т.б.*

Ғылыми-техникалық дамуға байланысты: *ақылды үй, гарышкер, тінтуір, пернетақта, таратқыш т.б.* Қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен байланысты енген сөздер: *мәңгүрт, көкек ана, жатырын жалға беретін ана т.б.* Интеграциямен байланысты: *жаһандану, мәмілегер, келісім-шарт, кедендік одақ т.б.* Мәдени: *ұнтаспа, мұрағат, жәдігер, тұсаукесер т.б.*

Тілдің кейбір мәселелерін қайта қарау, жетілдіру, жақсарту жұмыстары жолға қойыла бастады. Осындай жолға қойылып, реттеле бастаған жұмыстардың ең маңыздысы – төл тілдің қорлары арқылы жасалған терминологиялық жүйені қалыптастыру. Сөйтіп орыс тілінен және халықаралық терминологиялық қордан алынған атауларды қазақ тілінің өз сөздерімен алмастыру жұмысы қарқынды бағыт ала бастады. Аталған қоғамдық-әлеуметтік өзгерістен кейін *иноугурация, глобализация, статус, независимость, презентация, герб, гимн, Президент, таможня, резиденция* тәрізді ғылымның, өмірдің әр алуан салаларына қатысты орыс тілі терминдерінің *ұлықтау рәсімі, жаһандану, мәртебе, тәуелсіздік, тұсаукесер, әнұран, Елбасы, Елтаңба, кеден, Ақ орда* тәрізді баламалары пайда болды. Мысалы: Осыған орай кеше «Қазақстан» қонақ үйінде «Дос Мұқасан» тобының 40 жылдық мерейтойы және ансамбльдің белгілі ди-джей Мойшемен бірлескен жобасы – «Қайдасың» атты альбомының тұсаукесері болып өтті. («Ана тілі» газеті, 8 қараша, 2007 жыл, 4-бет.).

2) Ішкі тілдік факторлардың әсері арқылы жасалған жаңа қолданыстар. Тәуелсіздік кезеңіндегі қоғамдық-саяси өмірдегі жаңа құрылыс, жаңа өмір сипаты, жаңа қарым-қатынас дамуына сәйкес қоғам өмірін бейнелейтін жаңа сөздерді тілімізге жүздеп, мыңдап жедел енгізу жұмыстары жүргізілгені белгілі.

Қазақ тіл білімінде тарихи тұрғыдан салыстырмалы-талдамалық зерттеулер жүргізу нәтижесінде тілге жаңа сөз енуінің үш түрлі бұлағы бар екені анықталған:

1. Жаңадан сөз жасау: *айқұлақ, банкер, бейнетаспа, сөзтізбе, демеуші, есірткі, зертхана, наубайхана, зияткерлік, тосынсый, жертөле, кептеліс, салымшы, ақылды үй, еркін экономикалық аймақ, теңге бағамы, келісімшарт, сын-ескертпе, арыз-тілек, арыз-шағым т.б.*

2. Белгілі бір тілдің өз ішінен сөз тудыру: *билік, әкім, хұқық, басқарма, сайлау, төраға, қисын, таңба, кеңес т.б.*

3. Сөздерді шеттен алу: а) өзге тілдерден: оппозиция, брифинг, ипотека, тендер, агенттік, лицензия, конфессия, батарея, бутик, пресс-релиз, навигация т.б.;

ә) ауызекі сөйлеу тілінен, диалектілік лексикадан: *егемен, ұжым, кеден, құжат, сусамыр, кент, нысан, сардар, нарық, серке, ота т.б.;*

б) ауыз әдебиеті тілінен: *қызмет, өнер, қауым, жарпазан, беташар, кіреуке, шаһар т.б.*

Жаңа қолданыстардың жасалуына әсер ететін ішкі тілдік себеп-салдарларды, күш-ықпалдарды бірнеше топқа бөліп қарастырдық:

а) тілдің үнемдеу заңдылықтарына сәйкес жасалған жаңа қолданыстар. Үнемдеу заңдылығы – тіл-тілдердің қай-қайсысына да және тілдің барлық қаттауларына да тән құбылыс. Әдеби тілдің ауызша түрінде, күнделікті

тұрмыстық ауызекі сөйлеу тілінде, сондай-ақ жазба тіл үлгілерінде де бұл заңдылық үлкен қызмет атқарады.

Тілдің сөздік құрамында бұрыннан бар сөз тіркестері немесе сипаттама, түсіндірме жолымен берілген атауларды жазба тіл үлгілері мүмкіндігінше жаңа коммуникациямен – бір сөзбен алмастырып беруді әрдайым жүзеге асырып отырады, бұның өзі тілдің сөздік құрамының толығына, тың деривациялық тұлғалардың пайда болуына, сөздердің тіркесімділік қабілетінің артуына жол ашады: саралқа, пікірсарап, түпнұсқа т.б. Тілде бұрыннан бар, қалыптасқан, нормалы атауларды жаңа сөзбен ауыстыру, жаңғырту себептері, міне атап өткен жағдайларға байланысты. Сондықтан да қазіргі қазақ баспасөзі бір алуан номинациялардың «қысқарған», ықшамдалған тұлғаларын қалыптастыруға ұмтылыс жасап жүр. Мысалы, баспа қызметкері дегеннен гөрі баспагер деп қолдану орын алып келеді, айтысқа қатысушы адам дегеннің орнына айтыскер деп қолдану үрдіс алуда, ал жаңа қоныстанушылар тойы дегеннің орнына қоныстой деп қолдану да бар.

Үнемдеу принципін басшылыққа ала отырып, баспасөз тілі жаңа қолданыс жасауға сөз біріктіру тәсіліне көбірек иек артуда. Осы заңдылаққа сай баспасөз тілі изафет құрылымды сөз тіркестерін де «ықтималдық» бірлікте жасауға, сөйтіп, тың туынды тұлға жасауға мейлінше бейім тұрады, мысалы, ата тегі – ататек (предки). Өйткені бұлардың ататек кітабындағы бар айрықша сол... [3], *лақап аты – лақапат; ел таңбасы – елтаңба; бет пердесі – бетперде; құлақ қабы – құлаққап*. Мұндай құбылыс тіл білімінде «процесс включения» деп аталады [3 б.].

ә) Экспрессивтік-көркемдеуіш қызметке орай жасалған жаңа қолданыстар. Бұл ішкі тілдік стимул бойынша жасалған жаңа сөздер мәнмәтінде негізінен синонимдік қызмет атқарады және осы қызмет үшін пайда болады. Алайда олардың қатарында синонимдік реңінен ажырап, терминдік деңгейге көтерілген жаңа қолданыстар да жоқ емес. Мысалы: *айдар, сұхбат, ғарыш, шеру, тыңгер (тың игеруші), ғарышкер, отшашу, қолүздік, бопса, ауыздықтау және т.б.*

Өзіндік тілдік стильдік ерекшеліктері айқын қалыптасқан баспасөз тілі әрдайым тілдік автоматизмді, «бір белгі (знак) бір мағына» сызбасын бұзып, байырғы номинацияның жаңа, образды баламаларын жасап отырады. Олардың бір легі баспасөз тілінде біршама уақытқа дейін бояулы реңімен синоним қызметінде жұмсала алады, ал енді бірқатары қолданыс жиілігі арта келе, осы реңінен ажырап, терминдік дефиницияны бере алатын дәрежеге көтеріледі. Бұған космос терминінің экспрессивті синонимі ретінде пайда болған ғарыш сөзінің одан әрі дамуы дәлел. Бұл лексеманы термин деп атауға толық мүмкіндік бар, өйткені ол әдеби тілдің барлық стильдік тармақтарында, әсіресе ресми құжаттар тілінде орнықты.

Біртекес ұғымдарды бірыңғай атау принципі бойынша жасалған жаңа қолданыстар Бір топқа, бір тек түрге жататын бірыңғай реалий атауларын бір

Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

жүйемен қалыптастыру, олардың бір амал-тәсілмен жасалған номинациясын беру – тілдің жетілгендігінің, сұрыпталғандығының белгісі. Осы принципті тілдің өз ішкі заңдылығы қажет етеді. Айталық, -хана жұрнағы, кейінгі кезеңге дейін сөз тудыру процесіне бәсең араласып келді, 1960 жж. осы тұлғаның көмегі арқылы шеберхана, емхана типтес бірер сөз ғана жасалған болатын. -хана қосымшасының «мекен, орын, адамдардың қызметіне, жұмысына, тұрмыс-тіршілігіне және т.б. қажетті тұрғынжай дегенді білдіре алатын түпкі араб-парсының мағынасы қазір бір алуан жаңа қолданыстардың жасалуына арқау болып отыр. Мысалы: *қымызхана, шұбатхана, дәріхана, дәрісхана, дәмхана, мейрамхана, тойхана, т.б. -жай, -хат, қағаз, таным, тану, қан, шым, жол, сауыт* тәрізді нақты мағынадан гөрі жалпы мағынаны иелене бастаған бірқатар біріккен тұлғалардың жасалуына сүйеніш болып бірыңғай атаулардың номинациясын жүйеге түсіруге ат салысады. Мысалы:

жай: тұрғынжай, көрмежай, мұражай, жағажай, өнержай, әуежай, саяжай, ғарышжай, мекенжай;

таным: дүниетаным, кинотаным;

тану: сәкентану, абайтану, ахметтану, шығыстану, өлкетану, т.б.

қап: құлаққап, түнемелқап.

Сонымен, қазақ тіліндегі жаңа қолданыстардың жасалуына түрткі болатын әлеуетті факторлардың бірі – ішкі тілдік жағдайлар, қоғам өзгерістері мен жаңалықтары болса, тілдің өз талабы, өз заңдылығы да әр алуан тың орамдар мен соны сөздердің айналымға түсуіне ықпал жасайды. Жаңа белестерді еңсеріп келе жатқан қазіргі қазақ тілінің алдағы уақытта ішкі тілдік факторлардың әсерінен әлі де толығып жетіле түсетініне тілдің толассыз іштей дамуы мен қоғамның барлық саласындағы күнделікті өзгерістер айқын дәлел.

1.4 Жаңа қолданыстардың лексика-семантикалық топтары

Жаңа қолданыстарды түрлі семантикалық топтарға жіктеу тек зерттеліп отырған фактілерге шолу жасап қана қоймай, сонымен қатар лексикалық жүйенің мәнді белгілерін объективті түрде тануға мүмкіндік береді.

Өмірге келіп жатқан жаңа тілдік қолданыстардың айналымға еніп, қалыптасып тұрақталуында баспасөздің атқаратын қызметін ғалым С.Исаев: «Баспасөз тілі – жазба тіл. Қай дәуірде болсын, баспасөз өзі қызмет етіп отырған халықтың тілін пайдаланып қана қоймайды, оның байып, дамып отыруына әсер – ықпалын тигізіп те отырады» [14, 8 б.], – деп айтқандай, еліміздің егемендік алып, тәуелсіздік тұғырына көтерілуі, тіліміздің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуы қазақ баспасөзінің де жаңа арнаға түсіп, жаңаша дамуына алып келді. Осыған сәйкес, еліміз егемендік алғаннан

бергі кезеңдегі қолданысқа түскен жаңа сөздерді баспа беттерінен қарастырылып, 7 топқа жіктелді. Олар:

1) *Қоғамдық-саяси лексика*. Мұның ішінде ең көп тарағаны қоғамдық-саяси лексика, яғни көптеген жаңа сөздер осы салада пайда болуда. Қоғамда болып жатқан өзгерістер, әлеуметтік жағдай, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы, еліміздің тәуелсіздік алуы нәтижесінде қоғамдық-саяси лексика дамып, толығып отыр. Қоғамдық-саяси лексиканың өзін ішінара бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады:

а) *саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты сөздер мен сөз тіркестері*: *Халықаралық қауымдастық, парламент, Парламент палаталары, сенат, сенатор, саммит, Егемен ел, рухани жаңғыру, мәдени мұра, жолдау, Адами капитал, халықаралық дәліз, Нұрлы жол, ұлықтау рәсімі, егемендік, сыбайлас жемқорлық, жаһандану, сын-қатерлер, мәслихат, мажоритарлы жүйе, жол картасы, дағдарыс, геосаяси ахуал, Болашақ бағдарламасы, бітімгерлік, еститін үкімет, т.б.* «*Рухани жаңғыру*» бағдарламасы Елбасының 2017 жылы 12 сәуірде жарық көрген осы «Болашаққа бағдар: *рухани жаңғыру*» атты мақаласының негізінде жасалған («Егеменді Қазақстан», 2017, 15 қазан).

Халықаралық қауымдастық Астананы Азиядағы Женева деп біледі («Егеменді Қазақстан», 2018, 13 қыркүйек).

Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке, әрбір отбасының әл-ауқатына, балаларымыздың жарқын болашағына және тұтастай алғанда елдің дамуына қауіп төндіреді («Егеменді Қазақстан», 2020, 9 ақпан); Бүгінгі бас қосуда қазіргі *жаһандану* заманындағы адамзат өркениетіне төнген әлемдік *сын-қатерлер* мен оған қарсы тұратын ұстанымдар қарастырылды («Ана тілі, 2015, 2 қараша); «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды («Ана тілі, 2022, 17 наурыз); Жақында аудан әкімінің *Жол картасы* қабылданды. Жаңадан әзірленген *Жол картасы* туралы аудандық кәсіпкерлік және туризм бөлімінің басшысы Л.Қозыбаева түсіндіріп берді («Айқын», 2018, 19 сәуір).

ә) *мемлекеттік ұйым, мекеме, қызмет, лауазым атаулары*: *Тұңғыш Президент, Елбасы, Ақорда, Президент әкімшілігі, билік, жергілікті билік, атқарушы билік, лауазымды тұлға, шенеунік, электронды үкімет, офис, билік институттары, құзырлы органдар, инфрақұрылым, этномәдени бірлестік, виртуалды қабылдау, Ұлттық құрылтай, т.б.* «Қазақстан Республикасының *Тұңғыш Президенті – Елбасы* кітапханасы» мемлекеттік мекемесінің Интерактивті білім беру орталығында *Ақорданың – Президент резиденциясының* макеті тұр («Егеменді Қазақстан», 2017, 17 наурыз); Атқарушы және *жергілікті билік* арасында тиімді қарым-қатынас орнату өте маңызды («Айқын», 2022, 10 қаңтар); Қазақстандағы әрбір *этномәдени бірлестіктің* еркін жұмыс істеп, қолға алған игі бастамаларын жүзеге асыруына мемлекет тарапынан қолдау зор. Қазақстанның *этномәдени*

Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

бірлестіктері – Қазақстан аумағында тұратын этностардың тілі, мәдениеті, дәстүрлерін дамыту мақсатында біріккен қоғамдық ұйымдар («Егеменді Қазақстан», 2021, 8 желтоқсан); *Ұлттық құрылтай* ұлт ұясы Ұлытаудан бастау алды («Айқын», 2022, 6 маусым); «Электронды үкімет» порталын жасап шығуға және оның 2006-2016 жылдардағы жұмысына 46 млрд теңге жұмсалды («Егеменді Қазақстан», 2021, 13 қазан).

б) *кәсіподақ және әр түрлі ерікті қоғам, ұжым атаулары: міндетті медициналық сақтандыру жүйесі (ММСЖ), Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕЭҚ), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ), Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА), Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі (ҰҚК), Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ), т.б.*

Мұндағы жаңа сөздердің көбісін бұрын қолданыста болған сөздердің мағыналарының кеңеюі арқылы жасалған сөздер құрайды.

2) *Экономика саласына байланысты сөздер: алпауыт (монополист) акция, гарант, қауымдастық, инвестиция, инвестор, холдинг, бизнестің жол картасы, мониторинг, субсидия, несие, инфляция, мораторий, табиғи монополистер, бренд, Ұлттық қор, бизнес, роботтандыру, электронды формат, бәсекеге қабілеттілік, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет, монополист, хаб, банкрот, менеджер, криптовалюта, дилер, брокер, дефолт, прайс-лист, жекеменшік сектор, меценат, лизинг, т.б.*

Бұл атаулардың көпшілігі қолданыста ешқандай баламасыз, осы күйінде қолданылып жүр. Яғни интертерминдер деп аталатын бұл атаулар қазақ баспасөзіндегі өзіндік қолтаңбасы бар «Жас алаш», «Айқын», «Қазақстан әйелдері» т.б. басылымдарда жиі кездеседі. Мұндай құбылыстарға мысал келтірер болсақ:

Экономикалық термин ретінде қолданысқа түсіп жүрген сөздердің қатарына «мердігерлік» сөзін де айтуға болады. Мысалы, Ірі мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері Ресейдің қалалары мен селоларында жалданып жүр, ал қайтып оралғандары туған қаласының қаңырап тұрған алаңдарына қарап мұнайып күрсінді («Егеменді Қазақстан», 2000. №168-169. 1 қазан, 5 б.). Жалдық мердігерлік әдіс шаруашылық басшылары мен еңбек адамдарының арасындағы бірден бір тиімді еңбек қарым-қатынасы болып табылады (С.Қ. 1990. №273. 28 қараша, -2 б.).

3) *Мәдени-ағарту саласына байланысты сөздер: инклюзивті білім, цифрлы ұстаз, үздіксіз білім, арақашықтықтан оқыту, цифрлық сауаттылық, ерекше бала, үш аусымды мектеп, еріктілер, креативтілік, сыни ойлау, коммуникативтілік, сертификат, авторлық куәлік, пилоттық жоба, жасанды интеллект, эмоционалды интеллект, IT-білім, үш тілді, көптілділік, куратор, эдвайзер, грант, имидж, роботтехника, ұлттық бірыңғай тест (ҰБТ), Ұлттық бірыңғай біліктілік (ҰБТ), силлабус, білім беру бағдарламасы, аралық бақылау, плагиат, интербелсенді оқыту, кері байланыс, тілдік қарым-қатынас, өзін-өзі дамыту, тұлғалық даму, тиімді қарым-қатынас, дәстүрлі оқыту, тренинг, интерактивті тақта, Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба*

шығармашылық ойлау, сындарлы білім, өнертабыс (изобретение), патент, т.б.

4) *Ғылымның түрлі саласына қатысты жаңа қолданыстар, оның ішінде соңғы жылдары ақпараттық технологияның қарыштап дамуы, цифрландыру елімізге, сөздік қорымызға көптеген жаңа қолданыстарды алып келді, олардың бірқатары қазақшаға аударылса, енді біразы сол қалпында қабылдануда. Ш.Шаяхметов атындағы ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Терминология басқармасының басшысы, ф.ғ.к. Б. Ысқақтың айтуынша, терминдерді аудару немесе аудармау мәселесі әлі күнге дейін шешілмеген. «Қазіргі инновациялық технологиямен бірге тілімізге ағылшын тілінен күн сайын жаңа терминдер еніп жатыр. Біз тек жаңа өнімдерді - тұтынушы ел болғандықтан, жаңа терминдерді де өніммен бірге сол қалпында қабылдаймыз. Ақпарат ағынымен келіп жатқан жаңа атау, терминдердің бәріне балама табу мүмкін де емес. Сондықтан ондай терминдер аудармасыз сол қалпында қабылданады, мысалы: *гаджет, ноутбук және т.б.*», деп түсіндірді ол.*

а) Ақпараттық технологияға байланысты пайда болған сөздер мен сөз тіркестері: телеграмм канал, ресми парақша, әлеуметтік желі, инстаграмм, цифрландыру, автоматтандыру, IT-сектор, IT-маман, цифрлық трансформация, цифрлық хаб, интернет-платформалар, интернет ресурсы, Facebook парақшасы, WhatsApp, ақпараттық технологиялар, төртінші буыны (4G), бесінші буыны (5G), ұялы байланыс, IT-компаниялар, планшет, ұялы телефон, смартфон, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, моноблок, ноутбук, онлайн, офлайн, электрондық пошта, интернет сайттар, онлайн сауална, үлпіл (лайк), тікелей эфир, бөлісу, пост жариялау, репост, сайт, файл, e-mail, видеоқоңырау, гугл, контент, электронды ақпарат құралдары, сілтеме, фейк, хештег, сториз, хайп, рилс, блог, тикток, лайфках, вайн,

Мысалы: Марсель ауруханадан аман-есен шыққан соң міндетті түрде отбасыммен, ауруханадағы дәрігерлермен бірге селфи жасаймын дейді («Айқын», 14.11.2014). Қазақстан да селфилету жағынан өзге мемлекеттерден қалыс қалып тұрған жоқ (Ана тілі газеті, 08.01.2015).

ә) энергетика саласына қатысты сөздер, сөз тіркестері: жасыл сутегі, электромобиль, жасыл технология, баламалы энергия,

б) медицина ғылымы да жаңа кірме сөздермен толықты: изоляция, ковид, санитайзер, коронавирус, вакцина, вирус, емдәм (диета);

Осылардың ішінде медицина саласына байланысты диета сөзінің баламасы ретінде емдәм сөзі жиі қолданылады. Емдәм гректің «σιαια» сөзінен алынған – өмір салты деген мағынаны береді. Яғни, шама мөлшері, химиялық құрамы, құнарлылығы және кулинарлық өңделуі бойынша арнайы іріктелген тамақтану тәртібі [23, 83 б.]. Мысалы, Гестоздың бірінші сатысын емдәммен қалыпқа келтіруге болады («Денсаулық» журналы, К.Әлмырзаева //Гестоз// қыркүйек, № 9, 2003 жыл, 8-бет.).

Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

5) Заман ағымына байланысты жаңа мамандық атаулары да кірме сөздерден тұрады. Мысалы: SMM, таргетолог, медиатор, бизнессвумен, HR, репетитор, хакер, папарацци, брокер, телесуфлер, инвестор, диллер, дистрибьютор, фриланс / фрилансер, стилист (стильші)копирайтер, аниматор, модератор, супервайзер, логистика, барбер, диктор, веб-дизайнер, бармен, амбассадор, промоутер, даунишифтер, риэлтор имиджмейкер, спикер, волонтер, сарапшы, модератор, спикер, блогер, копейрайтер (тапсырысқа мәтін жазушы маман), коуч, т.б.

6) Күнделікті тұрмыста қолданылатын сөздер: а) тамақ атаулары: сендвич-гамбургер, хот-дог, суши, фишбургер, чикенбургер, чизбургер санат – категория, кепілхана – ломбард, т.б.

7) Іс қағаздар, заң саласына байланысты сөздер: тұжырымдама – конвенция, оңтайландыру (оптимизация), жеке сәйкестендіру нөмірі ЖСН, приоритет – басымдық, т.б.

Жоғарыда келтірілген барлық мысалдар жас ұрпақтың әлемдегі барлық жаңалықтарды меңгеретіндігін және әлемдік жаңалықтардан хабардар болып, кенжелеп қалмайтындығын көрсетеді. Біздің елде бұл сөздер күнделікті өмірде қолданыс тауып, біздің өмірімізге тән сөздерге айналды. Ағылшын сөздерінің саны ерекше қарқынмен кірме сөздер қатарын құрап, ғылым мен техниканың дамуы, халықтың өмір салты мен тұрмысы жақсарса да, болашақта ұлттық тіліміздің мәртебесі қандай болады деп ойлануымыз керектігін айтқымыз келеді. Қазіргі қазақ тілінің сөздік қорына енген бұл ағылшын сөздері болашақта қазақ тіл білімінің деңгейін арттыруға, қазақ тілінің сөздік қорын жаңартуға және дамытуға ықпал етуі мүмкін. Жаһандану дәуірінде ағылшын тілінен алынған сөздердің ағыны өз тіліміздің ұмыт болуына, шұбарлануына әкелуі мүмкін екені анық. Сонымен қатар, біз әрқашан тіліміздің жоғары мәртебесін сақтауымыз керек. Бірақ экономиканы, саясатты, мәдениетті одан әрі дамыта отырып, уақыт ағымына ілесе отырып, біз де халықаралық тілді меңгеруіміз керек, десек те бұл терминді ұлттық тілдегі сөздердің баламасымен ауыстырып алу немесе оны қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктеріне бағындыру үшін қолданған дұрыс болар еді.

Қоғамда болып жататын өзгеріс, ең алдымен, тілдің лексикасында көрініс табатындықтан, баспасөз беттерінде қолданыс тапқан жана сөздерді осылай лексика-семантикалық топтаға бөліп қарастырудың маңызы зор. Себебі, мұнда топтарға бөліп қарастыру әр түрлі салада болып жатқан тілдік құбылыстарды тез айқындауға және оларға талдау жасауға мүмкіндік береді.

2. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

2.1 Жаңа қолданыстардың сөзжасам тәсілдері арқылы жасалуы

Қазіргі қазақ тілінде сөз тудыру үрдісіне қатынасатын амал-тәсілдер әр алуан. Тілдің сөздік қорын үздіксіз байытып, толықтырып отыру негізінен, тілдің ішкі мүмкіндіктерімен, заңдылықтарымен байланысты. Басқа тілдерден сөз қабылдау арқылы да тілдің сөздік қоры байып отыратыны белгілі. Алайда, сөз байлығының толығу арнасы – тілдің сөзжасам жүйесі, оның ішінде сөзжасам тәсілдерімен тікелей байланысты. Туынды сөздің жасалу жолдары ғылымда сөзжасамдық тәсілдер деп аталады.

Тілде жаңа сөздердің жасалу жолы, тәсілдері аз емес. Бірақ олардың жалпылық жақтарын ескеріп, жинақтап, үш түрлі тәсілді көрсету қазақ тіл білімінде дәстүрге айналып келеді. Олар: синтетикалық (морфологиялық), аналитикалық (синтаксистік), лексика-семантикалық тәсілдер.

1) *Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған жаңа қолданыстар.* Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасаудың тілде қалыптасқан өзіндік жолы бар. Бұл тәсіл арқылы туынды сөз жасау үшін, оған екі тілдік бірліктің қатысуы керек: 1) лексикалық мағыналы сөз; 2) сөзжасамдық жұрнақ.

Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасауға қатысатын бұл тілдік бірліктердің әрқайсысының өзіндік атқаратын қызметі бар. Лексикалық бірлік туынды сөздің мағынасына арқау болады, сондықтан да туынды сөз жасауға лексикалық мағыналы сөздер ғана қатысады.

Туынды сөз жасауға қатысатын лексикалық бірліктерге қойылатын негізгі талап, оның лексикалық мағынасы болуы екен. Ал оның тұлғасы мен құрамына ешбір шек қойылмайды, сондықтан туынды сөздің негіз сөзінің қызметін негізгі түбір сөз де, біріккен сөз де, қысқарған сөз де атқара береді.

Синтетикалық тәсілдегі екінші тұлға, екінші тілдік бірлік - сөзжасамдық жұрнақ. Туынды түбір негіз сөзден сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалады.

Бүгінгі баспасөзде қолданылып жүрген жаңа атаулар мен жаңа қолданыстарды жинақтап, оларды жасалу жолдарына қарай іштей

жіктегенде, олардың едәуір бөлігінің сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған сөздер екендігін аңғардық.

-шы/-ші: айтушы, аяқдопшы, әкімші, әрлеуші, байқаушы, байланысшы, жолшы, жүргінші, зілтемірші, кеденші, көсемсөзші, көшбасшы, мәндіөзші, мұрағатшы, парашы, пәтерші, салықшы, салымшы, сәйкестеуші, тапсырысшы, т.б.

-м, -ым/-ім: әзірленім, басылым, белсенім, елтаным, жарияланым, жинам, жөнелтім, көрсетілім, қантаным, оқылым, өтінім, өсім, салым, сұраным, таныстырылым, таралым, төтем, төлем, ұстаным, шақырылым, т.б.

-лық/лік, -дық/дік, -тық/тік: әкімдік, балапаздық, біртектілік, достастық, елжандылық, жемқорлық, зайырлылық, зияткерлік, кәсіпкерлік, қауымдастық, отансүйгіштік, парашылдық, серіктестік, сыбайластық, шығармашылық, ықпалдастық, іскерлік, т.б.

-нама/-дама: әдепнама, әдіснама, әлеуетнама, дерекнама, жаднама, жарнама, жұлдызнама, заңнама, қазанама, құбылнама, сауалнама/сауалдама, сырқатнама (қағазнама), тұжырымдама, тұғырнама, т.б.

-гер/-кер: алаугер, әкімгер, борышкер, білімгер, бітімгер, дәріскер, заңгер, зейнеткер, кәсіпкер, қарызгер, сазгер, сахнагер, сөзгер, талапкер, үлескер, іскер, (киногер) т.б.

-ма/-ме, -на/-не: бүктеме, жүктеме, көшірме, қағытпа, қайталама, мәлімдеме, мөлшерлеме, түйіндеме, үстеме, хаттама, т.б.

-хана: зертхана, құмархана, мейрамхана, ойынхана, тойхана, тауықхана, намазхана, т.б.

-ыс/-іс: доғарыс, отырыс, тапсырыс, тексеріс, үдеріс, т.б.

-ақ/-ек: кептелек, өткелек; *-ғыш/гіш*: суреттегіш, оқтаулағыш; *-уыш/-уіш*: тындауыш; *-ша/-ше*: парақша; *-ман/-мен*: оралман; *-паз*: масқарапаз; *-кес*: лаңкес; *-шілік/-шылық*: бітімгершілік.

Қазақ тіліндегі бірқатар жұрнақтар сөз тудырудағы қалыптасқан белсендігін сақтап қалған. Солардың бірі *-шы/-ші* жұрнағы. Бұл жұрнақ сөз жасау үдерісіне бұрыннан-ақ өнімділік танытып келген. Баспасөз материалдары бұл жұрнақтың қазіргі таңда да өнімділік танытып, сөз тудыру жағынан алдыңғы орында тұрғанын көрсетеді. Бұл үлгімен жасалған атаулардың арасынан *айтушы, аяқдопшы, жолшы, зілтемірші, мәндісөзші, көсемсөзші, парашы, пәтерші, салықшы, сәйкестеуші* сынды атаулардың бірі жеке ұсыныс, түрінде айтылумен шектеліп, енді бірі сирек қолданылып жүрсе, *әкімші, әрлеуші, байқаушы, байланысшы, жүргінші, кеденші, көшбасшы, мұрағатшы, салымшы, тапсырысшы* тәрізді бір топ сөздер негізінен қазір жиі қолданылатын, жұрт жатсынбайтын дәрежеге жетті.

Өнімді жұрнақтар қатарында саналып келген *-лық/-лік (-дық/дік, -тық/тік)* жұрнағы да сөзжасам үдерісіндегі белсенділігін сақтап қалған. Бұл жұрнақтың көмегімен жасалған *әкімдік, достастық, жемқорлық, зияткерлік, кәсіпкерлік, қауымдастық, серіктестік, сыбайластық, шығармашылық, ықпалдастық, іскерлік, зияткерлік* тәрізді атаулар бүгін

жаппай қолданатын атаулар қатарына қосылып үлгерді. «Әкімдік» атауының жарыспа нұсқасы «әкімият» ішінара қолданылып жүргенімен, Мемтерминком ресми бекіткен «әкімдік» сөзі айқын басымдыққа ие бола бастағанын аңғаруға болады. Ал балапаздық, біртектілік, елжандылық, елшілдік, зайырлылық, отансүйгіштік, отаншылдық, парашылдық сынды атаулар әлі сұрыпталу кезеңінен өте қойған жоқ. Мәселен, орыс тіліндегі бір ғана «патриотизм» сөзінің баламасы ретінде елжандылық, елшілдік, отаншылдық, отансүйгіштік сөздері жарыса қолданылып жүр. Әрине, бұл атаулардың бірін «патриотизмнің» баламасы ретінде орнықтырғанның өзінде, қалғандары өзіндік мағыналық реңктерімен синоним сөздер ретінде жалпы тілде қолданыла берсе, артықтық етпейді деп ойлаймыз.

Кейінгі жылдары *-дық/-дік* үлгісімен жасалып, қолданысқа еніп үлгерген атаулардың бірі «әкімдік» сөзі екендігін жоғарыда айттық. Бұл терминді 2002 жылы Мемлекеттік терминология комиссиясы ресми бекітіп, жаппай қолдануға ұсынған. «Әкімдік» атауы тілімізде қолданыста бар өкілдік, елшілік, хандық, әмірлік сөздерінің үлгісімен жасалған. Дәлірек айтқанда бұл атау ХХ ғасыр басында жасалған. «Әкімдік» сөзі 1925 жылы Қ.Кемеңгерұлының редакторлығымен Мәскеуде жарық көрген «Қазақша-орысша тілмаш» деп аталған еңбекте «административность» және «власть» сөздерінің қазақша баламасы ретінде көрсетіледі. Бұл термин сол кезеңде біраз қолданылып, сөздіктерге еніп, алайда 30-жылдардан кейін шеттетілген сөздердің бірі. Орыс тіліндегі «администрация» сөзінің баламасы ретінде бұған дейін «әкімшілік» сөзі пайдаланылып келген. Президент әкімшілігін де, облыстық әкімшілікті де, қала, аудан, ауыл немесе қонақүй әкімшілігін де солай атап келген едік. Тілімізде әбден орныққан «әкімшілік» сөзін жаңа сөзбен алмастырудың қандай да бір қажеттігі де туындаған жоқ болатын. Ол қажеттілік облыстық және қалалық, аудандық әкімшіліктерді орысша «администрация» емес, «акимат» сөзін «әкімият» деп орыс тілі үлгісімен тілімізге бейімдеп алушылар табылды. Бұл сөз орыс тілі үлгісін тікелей көшіру болғандықтан, басқаша сөздер ұсыныла бастады. Орыс тілінде *-ат* суффиксі екі түрлі мағынаны білдіреді:

1) Адам (лиц). Мысалы: *адрес/ат, ази/ат, депутат/ат, степенди/ат*, т.б.

2) Бірнеше адамдар жиынтығы, мекеме (учреждения). Мысалы: *декан/ат, дирек/тор/ат, комбин/ат, старост/ат, чемпион/ат, ректор/ат, халиф/ат, султан/ат* т.б. сондай-ақ, бұл жұрнақтың варианты – *иат*. Мысалы, комиссар/иат, пролетар/иат, секретар/иат т.б. Біздің әкімияттың жасалуына негіз болған осы орыс тілінің жұрнағы еді. Ал қазақ тілінде 1) *-ат* жұрнағы *қыр/ат, су/ат, сыз/ат* 2) *-ат* араб тіліндегі көптік көрсеткіші. Мысалы, *ақпар/ат, мағлұм/ат, салам/ат* т.б.

Бұл жұрнақтар араб елдерінің мемлекеттік құрылымына қатысты атаулар құрамында да кездеседі. Мысалы: Сұлтанат – сұлтан басқаратын монархтық мемлекет. Халифат – VII ғасырда құрылған араб мемлекетінің

Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

атауы. Халиф – мемлекет басшысының титулы. Ол мұсылмандардың дінбасы да болған. Халифтер Мұхаммедтің ізбасарлары саналған. Эмират – Кейбір Азия мен Африка елдеріндегі феодалдық мемлекет немесе оның иелігі. XVIII ғасырдан XX ғасырдың басына дейін Бұхар хандығы Эмират деп аталған. Қазір біз орыс тіліндегі Эмиратты (объединенные арабские эмираты) – Әмірлік «Біріккен араб әмірліктері» деп атап жүрміз. Басқаларын осы ізбен алғаннан кейін, халифат, сұлтанат атауларын да -лық/-лік (-дық/-дік, -тық/-тік) жұрнақтары арқылы халифтік, сұлтандық деп бірізді атаған орынды болар еді.

Бұрын сөз тудыру үдерісінде сирек пайдаланылып келген *-м, -ым/-ім* жұрнағы соңғы жылдары өнімділік таныта бастады. Кейінгі жылдары бұл жұрнақ арқылы жасалған салалық терминдердің саны күрт өсті. Олардың арасынан қазіргі баспасөзде *басылым, жарияланым, жөнелтім, оқылым, өсім, салым, таныстырылым, таралым, төлем, ұстаным, шақырылым* сияқты тұрақты қолданысқа көшкен атаулар жиі кездеседі. Ал *әзірленім, белсенім, елтаным, жинам, көрсетілім, қантаным, өтінім, сұраным, төтем* сияқты бірқатар сөздер сирек қолданыс тауып жатады. Бұлардың *әзірленім, төтем* тәрізді бірқатарының қолданысы арнаулы сала шеңберімен шектелсе, қалғандары әлі кең тарай қоймағандықтан және жарыспа нұсқалары болуына байланысты баспасөзден сиректеу көрініс тауып жүр.

Бүгінгі баспасөз беттерінде біршама жиірек қолданылып жүрген атаулардың бір тобы *-нама (-дама)* үлгісімен жасалған сөздер. Осы тұлғадағы сөздердің *әдепнама, әдіснама, әлеуетнама, дерекнама, сырқатнама* сынды бірнешеуінен өзге басым көпшілігі қазақ тілді басылымдарда бірізді әрі жиі қолданылып жүр. Мысалы, *жарнама, жұлдызнама, заңнама, қазанама, сауалнама, тұжырымдама, тұғырнама* атауларын бүгінгі жұртшылық жаппай қолданатын сөздер қатарына қосуға болады.

Бұрын аса белсенділігімен ерекшелене қоймаған *-гер/-кер* жұрнағы 90-жылдардан бастап өнімділік таныта бастады. Соңғы 15-20 жылдай уақыт көлемінде бұл жұрнақтың қатысуымен көптеген сөздер туындады. Солардың бірқатары қазіргі қазақ баспасөзінде жиі қолданылып жүр. Жоғарыда біз келтірген мысалдардағы осы жұрнақ арқылы жасалған атаулардың арасында *борышкер, дәріскер, зейнеткер, кәсіпкер, талапкер, үлескер, іскер* сынды бірнеше сөз сала мамандары да, жалпы жұртшылық та жатсынбай қолданылатын, тілде орныққан атаулар қатарына қосылды. Бұл атаулардың барлығы да (үлескерден басқалары) салалық терминологиялық сөздіктер мен екі тілді аударма сөздіктерде беріліп жүр. Мемтерминком ресми бекіткендері (талапкер, кәсіпкер, зейнеткер) де бар. «Үлескерден» өзгелері 2007 жылы 100 000 (жүз мың) дана таралыммен жарық көрген орфографиялық сөздіктің соңғы басылымына да енген. Кейінгі 1-2 жыл көлемінде ғана пайда болған «үлескер» атауы да қазір жаппай бірізді қолданылып жүр. Бұл атау орыс тіліндегі «дольщиктің» баламасы ретінде бірден жаппай қолданысқа көшкен

әрі баспасөзде, электронды ақпарат құралдарында өте жиі кездесетін сөзге айналды.

БАҚ-тардың термин қалыптастырудағы рөлін, ықпалын да байқауға болады. Дәл осы атаудың аз мерзім ішінде жұртшылықтың санасына сіңіп, құлағы үйреніп кетуіне ақпарат құралдарының айрықша ықпал еткенін айту керек. Ал алаугер, әкімгер, білімгер, бітімгер, қарызгер, сазгер, сахнагер, сөзгер, киногер сияқты атаулар баспасөзде біршама қолданылып жүргенімен әзірге тілде орныға қоймаған сөздер тобынан. Мәселен, «білімгер» сөзі осы жуырда ғана пайда болды, жиі қолданыла бастады. Ал «алаугер» сөзі 2007 жылдың жазында Бейжің олимпиадасы кезінде пайда болды да, қазір көп кездесе бермейді. «Қарызгер» термині экономикалық сөздіктерде орыс тіліндегі «заемщик» сөзінің баламасы ретінде қолданыла бастады. Ал «алаугер» сөзі 2007 жылдың жазында Бейжің олимпиадасы кезінде пайда болды да, қазір көп кездесе бермейді. «Қарызгер» термині экономикалық сөздіктерде орыс тіліндегі «заемщик» сөзінің баламасы ретінде қолданыла бастады. Баспасөзде де кейінгі уақытта жиірек ұшырасады. «Сазгер» сөзінің «композитордың» баламасы ретінде қолданылып жүргеніне едәуір уақыт өткенімен, бірізді жұмсалатын деңгейге жете алмады. Кәсіби музыканттар мен бірқатар тіл мамандары бұл сөздің «мелодисть» сөзіне жақсы балама болатынын айтып жүр. Осы пікірдің негізі бар. Сахнагер, сөзгер, киногер сөздері кейінгі уақытта жекелеген авторлар тарапынан қолданыс тауып жүрген жаңа қолданыстар. Бұлар көпшілікке аса таныс емес. -гер жұрнағының кірме сөздерге жалғануы бұрын байқала бермейтін. «Киногер» сияқты будан сөздердің пайда болуы бір жағынан қазақ тіліндегі термин шығармашылығының біршама жандана бастауына байланысты туындап отырған құбылыс болса, екінші жағынан бұл -гер жұрнағы өнімділігінің арта түскендігін аңғартады. «Әкімгер» мен «әкімші» жарыса жұмсалып жүргенімен, соңғысының алдыңғысына қарағанда, әлдеқайда жиі қолданылатынын айту керек. Дұрысы «бағдарлама әкімшісі», «қонақүй әкімшісі» түрінде қолдану. Жалпы *-гер/-кер* жұрнағын жалғау арқылы жасалған атаулардың бірқатары қалыптасып үлгергенімен, осы жұрнақтың семантикасына мән бермей, орынсыз жұмсау, мамандыққа, кәсіпке қатысты атауларға талғамсыз жалғай беру орын алып жүр.

XX ғасыр басындағы термин шығармашылығында біршама пайдаланылып, одан кейінгі кеңестік кезеңде белсенділік таныта қоймаған – *ма/-ме (-на/не, -ба/бе)* жұрнағы 90-жылдардан бастап, ең өнімді жұрнақтардың біріне айналды. Бұл жұрнақтың қатысуымен жасалған атауларды қазір арнаулы салалардың бәрінен дерлік кездестіруге болады.

Олардың арасынан қазіргі баспасөзде жиі қолданылып жүрген *жүктеме, көшірме, мәлімдеме, үстеме, хаттама* тәрізділерін арнаулы салада да, жалпыхалықтық тілде де негізінен бірізді, тұрақты түрде қолданылатын терминдер деп атауға болады. Осы атаулардың ішіндегі көшірме мен хаттама терминқор қалыптастырудың алаштық кезеңінде, өткен

ғасырдың 20-жылдары жасалып, қолданыста болған атаулар. 30-жылдары олар тілден шеттетілді. 90-жылдардан кейін біз оларды қайта қолданысқа енгіздік. Олар екінші өмір басталған, бүгінгі күннің жаңа атаулары ретінде тілдік айналымға қайта оралған сөздер. Ал *бүктеме, қағызпа, қайталама, мөлшерлеме, түйіндеме* секілділерін көбінесе баспасөзде қолданылып жүргенімен тілде әлі толық орныға қоймаған атаулар деген орынды. «*Мөлшерлеме*» қаржы-экономика саласында, «*түйіндеме*» құжат тілінде біршама қолданылып жүргенімен, бұлар әлі терминжүйе мүшесі ретінде таныла қойған жоқ.

Аса белсенді түрде болмаса да, бұрын сөзжасам үдерісінде едәуір пайдаланылып жүрген *-хана* жұрнағының да кейінгі 15-20 жыл көлемінде өнімді жұмсала бастағанын көруге болады. Бұл жұрнақтың көмегімен жасалған сөздер аз емес. Қазіргі қазақ баспасөзінен солардың ішінен *зертхана, құмархана, мейрамхана, ойынхана, тойхана, тауықхана* сияқтыларын кездестірдік. Бұлардың ішінен *зертхана, мейрамхана, тойхана* атаулары жұртқа көбірек таныс. Жиірек қолданылатындары да осылар. Ойынхана, құмархана атаулары жарыса қолданылып жүрген, бір нұсқасы әлі басымдық танытып, тұрақтай қоймаған сөздер. Ал «*тауықхана*» атауына келсек, тілімізде бұрыннан бар «*тауыққора*» сөзі тұрғанда, онсыз да орынды орынсыз жиі жалғанып жүрген *-хана* жұрнағы арқылы сөз тудыруға қандай қажеттілік болғанын түсіну қиын. Жалпы бұл атауды әзірге бір реттік (аккозионал) қолданыс деп қабылдауға болады.

Кейінгі жылдарда сөзжасам үдерісінде өнімділік танытып жүрген қосымшалардың қатарына *-ыс/-іс* жұрнағын да жатқызуға болады. Мерзімді басылым беттерінде бұл жұрнақтың көмегімен жасалған *доғарыс, отырыс, тапсырыс, тексеріс, үдеріс* сынды сөздер жиі қолданылады. Алайда соңғы 15-20 жыл көлемінде осы жұрнақтың қатысуымен жасалған сөздер бұлармен ғана шектелмейді. Салалық терминдер жүйелерінде олар көптеп кездеседі.

Біз мысалға келтіріп отырғандарының арасынан *отырыс, тапсырыс, тексеріс* атауларын жұртшылыққа жақсы таныс, бірізді қолданылу деңгейіне жеткен сөздер қатарына қосқан жөн. Ал «*үдеріс*» соңғы 2-3 жыл көлемінде әсіресе баспасөзде өте жиі қолданылып жүргендіктен, бұрыннан келе жатқан кірме сөз «*процестің*» орнын қысқа мерзімде алмастыра бастаған атау.

Заттық ұғымдардың атауларын жасауда кейінгі жылдары өнімді пайдаланылып жүрген жұрнақтардың бірі – *-ғыш/-гіш*. Біз жоғарыда баспасөзден алынған *суреттегіш, оқшаулағыш* сияқты бірді-екілі мысалдарды ғана келтіргенмен, кейбір арнаулы салаларда бұл жұрнақ арқылы жасалған атаулар көптеп саналады. Осы сияқты *-уыш/уіш* жұрнағы да өнімділік таныта бастаған жұрнақтар қатарын құрайды. Ал *-ақ/-ек, -ша/-ше, -ман/-мен, -паз, -кес, -шілік/-шылық* жұрнақтары аса өнімділік таныта қоймағанымен, бұл жұрнақтардың да сөз жасауға қатыса бастағаны байқалады.

2) *Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған жаңа қолданыстар.*

Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

Аналитикалық сөзжасамдық тәсіл – тілімізде көне замандардан келе жатқан, тілімізді көптеген күрделі сөздермен толықтырған өнімді тәсіл.

Аналитикалық тәсіл деп екі я одан да көп сөзден бір лексикалық мағыналы сөздің жасалуы аталады. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер күрделі сөздер деп аталады. Күрделі сөздер толық мағыналы сөздерден жасалады.

Қазақ тілінде аналитикалық тәсіл жиі қолданылатын, өнімді тәсіл болумен бірге, оның іштей бірнеше түрі бар: 1) *сөзқосым*, 2) *қосарлау*, 3) *тіркестіру*, 4) *қысқарту* сияқты аналитикалық тәсілдің төрт түрі бар. Аналитикалық тәсілдің осы ішкі төрт түрі күрделі сөздің төрт түрін жасайды. Олар: біріккен (кіріккен) сөздер, қос сөздер, тіркескен күрделі сөздер, қысқарған сөздер.

Сонымен, түрлі сөзжасам тәсілдері бойынша жасалып, әртүрлі деңгейде орнығып үлгерген, қоғам өмірінің барлық саласында пайдаланылып жүрген жаңа қолданыстарға газет беттерінен жиналған мысалдарды былайша топтастыруға болады.

1) *Қысқарту тәсілімен жасалған жаңа қолданыстар*. Қысқарту тәсілі тілдің сөзжасам жүйесінен онша көп орын алмайды. Қысқарту тәсілі тілімізде орыс тіліндегі сөз қысқарту үлгісінде пайда болды.

а) *Бас әріптері бойынша қысқартылып алынған ұйым, мекеме, партия, т.б. атаулары: ШЫҰ – Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы; БСҰ – Бүкіләлемдік немесе дүниежүзілік сауда ұйымы; БЭК – Біртұтас Экономикалық Кеңістік; ММСЖ – міндетті медициналық сақтандыру жүйесі, ЕЭҚ – Еуразиялық экономикалық қоғамдастық, ДДСҰ – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, ҚХА – Қазақстан халқы Ассамблеясы, ҰҚК – Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі, ҰҚШҰ – Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, ЖШС – Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік, ҚазМұнайГаз (Қазақ мұнай және газ компаниясы), т.б.*

ә) *Алғашқы буындары бойынша біріктірілген атау: Мемтерминком – мемлекеттік терминологиялық комиссия.*

б) *тірек сөздер арқылы жасалған: телеарна, автокөлік, медбике, Қазақтелеком т.б.*

в) *Ағылшын тілінен тіке алынған қысқарған сөздер: IT, HR, SMM (контент менеджер), MMA, PhD, CD, SMS, т.б.*

2) *Сөзқосым тәсілімен жасалған жаңа қолданыстар*. Біріккен сөз деп сыңарлары мағына жағынан да, тұлға жағынан да бірігіп біртұтас мағынаны білдіретін, біртұтас дыбыстық құрамдағы, бір екпінмен айтылып, сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқаратын сөздерді айтамыз. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа қолданыстарда біріккен сөздер саны баршылық.

а) *Бір сыңары кірме сөзден, екінші сыңары төл сөзден (немесе керісінше) сөздер: Инфрақұрылым, трансұлттық, смсхат,*

Ағылшын тілінен енген сөздер құрылысына қарағанда екі сөздің тіркесуі немесе бірігуі арқылы жасалған күрделі аталым түрінде де кездеседі: *фишбургер, чикенбургер, чизбургер*, т.б.

ә) *Екі сыңара да қазақтың төл сөздерінен жасалған біріккен сөздер* (бұл жаңа қолданыстардың денін құрайтын аса өнімді де тиімді тәсіл): *өнертабыс (изобретение), айқұлақ, тосынсый, төсбелгі, мерейтой, жансақтау*

«ақы» сыңары арқылы жасалған сөздер: *жәрдемақы (пособие), зейнетақы (пенсия), төлемақы (платеж), шәкіртақы (стипендия), қаламақы (гонорар)*, т.б.

«хат» сыңары арқылы жасалған сөздер: *жеделхат (телеграмма), ұсынымхат*,

«бақ» сыңары арқылы жасалған сөздер: *мұхитбақ (океонариум), саябақ (парк)*;

«жай» сыңары арқылы жасалған сөздер: *мұражай (музей), саяжай (дача), шипажай (санаторий), жағажай, мекенжай*

«тану» сыңары арқылы: *тәнтану, дүниетану*, т.б.

3) *Қосарлану тәсілі арқылы жасалған жаңа қолданыстар*. Тіл байлығын, оның дамуын көрсететін тағы бір арна – қосарлы күрделі сөздер болып табылады. Сөзжасамның аналитикалық тәсілмен қалыптасқан қосарлы күрделі сөздер жасалу әдісіне қарай екіге бөлінеді: 1) қосарлы қос сөздер, 2) қайталама қос сөздер [24, 127 б.].

Кейінгі жылдары қолданып жүрген *көші-қон, хат-хабар, мінездеме-ұсыныс, келісім-шарт, қуғын-сүргін, іс-шара, онлайн-сауда* т.б. сөздердің баспасөз беттерінде жиі көрінуі қайталама қос сөздерден гөрі қосарлама қос сөздердің жана қолданыс, жаңа сөздерді жасауда мүмкіндігінің жоғары екеніндігін көрсетеді.

Ағылшын тілінен тіке алынған қос сөздер: *секонд-хэнд, видео-салон, прайс-лист, сендвич-гамбургер, хот-дог, тик-ток, веб-сайт* т.б.

4) *Тіркесу тәсілі арқылы жасалған жаңа қолданыстар*. Сөз тіркесі – мағыналық жақтан да, грамматикалық жақтан да өзара байланыста, бірлікте болатын, толық мағыналы кемінде екі сөздің тіркесі [25,183 б.]. Қазіргі таңда қолданысқа түскен жаңа сөздердің көпшілігі тіркескен күрделі сөздер болып келеді. Тіркескен күрделі жаңа сөздерді үш топқа жіктедік:

а) қабысу тәсілі бойынша жасалған сөздер: *сары жолақ, бас жүлде, мақтау қағаз, кері байланыс, Егемен ел, Жаңа Қазақстан, мәдени мұра, Ұлы дала* т.б.

ә) матасу тәсілі бойынша жасалған сөздер: *заң жобасы, бауырдың қабынуы, іссапар куәлігі, Қаңтар оқигасы, Болашақ бағдарламасы, білім беру бағдарламасы, дабыл қондырғысы* т.б.

б) негізгі түбірі сақталып, шет тілдерден енген, қазақ тілінің қосымшалары (жалғау-жұрнақтары) жалғанған сөздер. Бұлар көбінесе салалық күрделі ұғымдардың атауы болып келеді. Біздіңше, тілімізде мұндай

ұғымдардың мәнін толық ашып көрсететін сөздер, атаулар болмаған жағдайда, оларды өз тіліміздің дыбыстық заңдылықтары бойынша, емле ережелеріне сәйкестендіріп, өзгертіп, өзімізге бейімдеп (қазақыландырып) алуға тырысу керек. Мысалы: *индустриялық-инновациялық даму стратегиясы, сертификациялық орган, сапа менеджменті, Парламент палаталары, жол картасы, Президент әкімшілігі, Қазақстан халқы Ассамблеясы, авторлық куәлік, пилоттық жоба, интербелсенді оқыту, цифрлық сауаттылық* т.б.

2.2 Жаңа сөздердің тілдік қолданысындағы қайшылықты мәселелер

Қазақ тілінің тазалығы үшін күрес бүгінгі күні ғана емес, өткен заманда да болды. Тіл тазалығына көңіл аударып, болашағына бағыт-бағдар беріп, қазақ тілінің деңгейін көтеру үшін тіліміздегі жаңа сөздің дұрыс жасалуы мен тұрақты мағынада қолданылуының маңызы өте зор.

Бүгінгі күні тілімізде оңы мен терісін ежелеп, айыру қиынға түсетін күрделі үрдістің жүріп жатқанына баршамыз куәміз. Өмірімізге енген соны идеялар, жаңа ұғымдар, тың түсініктермен бірге оларды бейнелейтін жаңа сөздер мен кірігіп жатыр. Бұл сөздердің көпшілігі баспасөз беттерінен көрініп немесе электрондық ақпарат құралдарының лебізі арқылы жұртшылықтың санасына сіңіп, сол арқылы ресми құжат тілінің қорына көшетін кездерін жиі ұшыратамыз. Әсіресе, экономикамыздың қарқынды дамуы осы жаңа сөздердің пайда болып, қолданысқа енуіне жол ашады.

Қоғамның саяси-мәдени өміріндегі, тұрмыс тіршілігіндегі ірі өзгерістердің, көптеген терминдердің қазақша баламасының берілуі, басқа алуан нұсқалылық түзілуіне әсер етеді. Қоғамның саяси-мәдени өміріндегі ірі өзгерістерге және көптеген терминдердің қазақша баламасымен берілуіне байланысты кейбір сөздер жарыспалы түрде әртүрлі нұсқалармен қолданыла бастады. Мысалы: *шегерім/жеңілдік – скидка; үрдім/үдеріс – процесс; нәруыз/ақуыз – белок; қой ауру/мешел – рахит; шағынаудан/мөлтекаудан/шағын мөлтекаудан – микрорайон; қызан/қызанақ – помидор; түйін/түйіндеме – резюме; бұрыштама/рұқсатнама – виза; шағым/арыз – апелляция; әкімші, әкімгер – администратор; әкімдік, әкімият – акимат; қалтателефон, ұялы телефон – мобильный (сотовый) телефон; қалтафон; әлемтор, галамтор – интернет; – әуесерік, аспансерік – стюардесса; галамдану, жаһандану – глобализация; кептелек, кептеліс, тығын, тығырық – транспортная пробка; отбасы, жанұя – семья; публицистика – көсемсөз, қоғамсөз, замансөз, мәндісөз; кресло – орынтақ, күрсі; медсестра – медбике, мейірбике; Наушник – тыңдауыш, құлақкигіш, құлақілдірік; микрорайон – мөлтекаудан, ықшамаудан, шағынаудан; петиция – арыз-тілек, құзырхат; ремень безопасности – қауіпсіздік белдігі, қорғаныш белбеу; прорывные проекты – серпінді жобалар, шепбұзар жобалар; фонтан – субұрқақ, бұрқақ; казино – ойынхана, құмархана;*

Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

патриотизм – отанишылдық, отансүйгіштік, елжандылық; огнестрельное оружие – атыс қаруы, отты қару т.б. Осыған іргелес «Арай» шағынауданына электр желілер тартылды («Маңғыстау» газеті, 7 ақпан, 2006 жыл, 6-бет); Шағын мөлтекаудандаорын алған бұл жағдайдың зардабын жергілікті халық күні бүгінге дейін тартып келеді. («Айқын» газеті, 13 қаңтар, 2006 жыл).

Баспасөз беттерінде кейбір жекелеген атаулардың аудармасы әрқилы беріліп тұр. Бұдан мұның қайсысына нормаға сай және мемтерминком бекіткен нақты ережелерге сәйкес келе ме деген сұрақтар туындайтыны даусыз. Мысалы, баспасөз беттерінде *стажды – өтіл, дипломатты – мәмлегер, обогревательді – жылытқыш, меценатты – мәдеткер, хирургты – оташы, операцияны – ота, парникті – көшетхана, ассортиді – жиынтұр, замшты – күдері, развлекательный центр – шатхана* т.б. деп аударып жүр. Оны қазақ тілді баспасөз беттерінен айқын аңғаруға болады. Мәселен, «Алтын-Орда» республикалық басылымының 2004 жылы шыққан сандарының біріне жарияланған мақалада: «...орналасқан жеріне қызыққан бір кәсіпкер саябақты сыпырып тастап, бұл тұсқа шағын қонақ үй мен шатхана салуға бел буыпты» делінсе, «...Әңгіме үстінде ұққанымыз Шалқар Әбішұлы Тәуелсіздік туғызған жазушы мәдеткер...» деген жолдар «Айқын» газетінің 2003 жылғы 2 мамырында жарық көрген нөмірде келтірілген. «Алтын Орда» басылымының аталмыш санында «Дәрігерлер оның өміріне ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ деп сендіреді, дегенмен де жедел отаның қажет екені белгілі», «Қазақстан әйелдері» журналынында кездесетін «...Көшетхананың ішіндегі өсімдікті күзгі суықтан сақтауға әрі кеш жинауға болады» деген сөйлемдерді де мысалға келтіруге болады. «Коммуналдық шаруашылық бөлімінің бас маманы – жалақы мөлшері еңбек өтіліне байланысты» («Ана тілі» 5 наурыз, 2002 жыл), «Осыдан бір ай шамасы бұрын аталмыш газеттің интернет-сайтында өзін бұрынғы мәмілегер деп аталған әлдекімнің хаты жарияланған» («Жас Алаш» 26 сәуір, 2003 жыл) және осылар секілді қазіргі уақыттағы публицистикада мұндай құбылыстың көрініс беруі заңды десек те, жалпы тілдік қолданыста қырыққабат деп аталып жүрген капуста сөзін «Қазақстан әйелдерінің» қаудан деп қосымша атау бергенін қалай түсінуге болады? Әлде мұны қырыққабаттың тағы да бір баламасы деп ұғуымыз керек пе?

Бұл келтірілген мысалдардың арасында ресми бекітілгені де, біраздан бері қолданылып жүргенімен бекітуге ұсынылмағандары да, сондай-ақ жұртшылыққа аса таныс емес әлі сараптан өте қоймаған жаңа қолданыстар да бар. Бұлардың арасындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы тарапынан ресми бекітілгендері мыналар: *әкімші, әкімдік, жаһандану, отбасы, ықшамаудан*. Соған қарамастан, осы бекітілген атаулардың *әкімгер, әкімият, галамдану, жаһандану, ауқымдану, жанұя, мөлтекаудан, шағынаудан* нұсқалары баспасөз беттерінде жарыса қолданылып келеді.

Мемтерминком 2000 жылы 25 қаңтарда «*коррупцияны – құнпарлық*», «*вымогательствоны – құнерездік*» деп бекіткен екен. Бірақ баспасөз беттерінде «*коррупция*» сөзі «*құнпарлық*» деп те, «*құнерездік*» деп те қолданылмай, «*сыбайлас жемқорлық*» деп екі сөздің тіркесуі арқылы қолданылып жүр: «Сыбайлас жемқорлық жойылады, оған мен кепілдік бере аламын» – дейді Қазақстан Республикасының ішкі істер министрі... («Егемен Қазақстан», 17.08.2001).

Баспасөз беттерінде кейде қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бейімдеп жазу барысында әркелкілік, бір атауды түрліше жазу да кездесіп жатады. Мысалы, *жұрнал – жорнал, станса – стансы*, т.б.

Соңғы жиырма жылдай уақытта тілімізге көптеген кірме сөздер еніп, мерзімді баспасөз бен арнаулы салаларда кеңінен қолданыла бастады. Мысалы, *автобан, блог, брэнд, гастербайтер, модератор, портал, сайт* сынды кірме атауларды сондай сөздер қатарына жатқызуға болады. Сондай-ақ бұрын арнаулы сала тілінде ғана кездесіп, жалпы әдеби тілде өте сирек, қолданылып келген бірқатар кірме терминдер қазіргі уақытта белсенді қолданысқа көшті. Мәселен, *инфляция, кластер, тендер*, т.б.

Қазіргі қолданыстағы кірме сөздердің жазылуына қатысты әлі де көптеген деректер келтіруге болады. Олар жоғарыдағы біз келтірген мысалдармен ғана шектелмейді. Сондықтан алдағы уақытта тілшілер қауымы кірме сөздердің қабылдануы мен оларды ұлт тілінде жазудың біркелкі жүйесін, ғылыми негізделген жалпыға ортақ ережелерін қалыптастыруы тиіс деп ойлаймыз.

2.3 Қазіргі қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстардың типологиясы

Жұмыстың екінші тарауының 1-бөлімінде жаңа қолданыстардың жасалуына арқау болатын аффикстік тәсіл және сөз біріктіру, сөз қосарлау, сөз тіркестіру, сөз қысқарту амалдары егжей-тегжейлі сөз етілді де, сөзжасам жүйесіндегі ең негізгі жолдардың бірі – сөз мағынасының өзгеруі бойынша жасалған жаңа сөздер мен орамдар арнайы айтылмады. Бұл әдіс бойынша пайда болған жаңа қолданыстар жеке-дара қарастыруды талап етеді.

Жинақталған тіл фактілері жаңа қолданыстарға өзек болған төл тілдік элементтердің мағына өзгерісіне қарай бірнеше ыңғайда топтасатындығын көрсетті. Олар:

1. *Абсолютті мағыналы жаңа қолданыстар.*
2. *Семантикалық индукцияға ұшыраған жаңа қолданыстар.*
3. *Сөз мағынасының өзгеруі – кеңеюі мен тарылуы арқылы жасалған жаңа қолданыстар.*

1. *Абсолютті мағыналы жаңа қолданыстар.* Жалпыхалықтық қордағы немесе тарихи сөздер қатарындағы бірқатар лексикалық бірліктердің (*төраға, әкім, өкіл, теңге, егемен, құжат*) өмірге қайта келуі, терминдік жүйеге қосылуы және өзінің негізгі семантикасынан ажырамай жұмсалуды
Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

абсолютті семантикалы жаңа қолданыстар деп тануға мүмкіндік береді. Мысалы, *ақ орда* сөзінің мағыналық дамуына келетін болсақ: Алғашқы кезде *киіз үй, кейін көне билік иесі отырған үй* ретінде қолданылып келді. Оны батырлар жырларындағы өлең шумақтарынан байқауға болады: Ақ Орда Тайбурылдың үстіне алтыннан тұрман ер салып, аз ғана азық жем салып, Ақ орданың алдынан өткізді... (Қобыланды). Ал қазіргі таңда *Ақ орда* «резиденция» сөзінің орнында жұмсалып жүр. Мысалы, Ақ орданың есігі айқара ашылды! («Егеменді Қазақстан», 2006, 17 қыркүйек). Осы екі мысалдардан сөз мағынасының дамып жетілгені анық көрінеді. Туынды мағынаның өзегі бұрынғы сөздің мағынасынан байланысын үзбей, соның негізінде дамып, кеңейген.

«Егемен» сөзі де жергілікті ерекшелік ретінде қолданылып келген қазақтың төл сөзі. Олай болмаса, 20-30 жылдары «Егемен болмай ел болмас Етек-жеңі кең болмас, Терезесі тең болмас...» деп ақындар өлеңге қоспаған болар еді. Бірақ, бұл сөздер әдеби тіл нормасына тән ие түрінен емес (иегер, иелену), өлкелік ерекшелікке тән еге түбірінен (киіз – кигіз, ер – егер) туындап тұрғандықтан құлаққа тосын естілуі мүмкін [26, 13 б.]: Егер егемен ел атанып, тәуелсіздікке қол жеткізбеген болсақ, Шәкәрім мәселесінде шындыққа тағы да толықтай қанықпаған болар едік («Егемен Қазақстан», 6 қаңтар, 2007.4-6.).

2. Семантикалық индукция бойынша жасалған жаңа қолданыстар.

Қазақ әдеби тіліндегі орыс тілі терминдері мен терминдік мәндегі тіркестерді аударып берудегі ең тиімді әдістердің бірі – *калька жолы*. Жалпы тілдегі жаңа атаулар мен терминдердің жасалуында калькалау тәсілі өнімділік танытуда. Мысалы, *ашық есік күні (день открытых дверей), сауда нүктесі (торговая точка), сенім телефоны (телефон доверия), зымырантасығыш (ракетаноситель)* т.б. Бұлар толық калькалану нәтижесінде алынған күрделі атаулар. Бұған жартылай және семантикалық калькалану нәтижесінде жасалған атауларды қоссақ, бұлардың саны арта түспек. Бұл жаңа сөз жасаудың ең жиі кездесетін түрі және бұл сөз жасаудың атқаратын рөлі күшті. Сонда калька дегеніміз не? Бұл сөздің түп төркіні қайдан шыққан? Бұл сөздің түпкі мағынасын тіл білімпаздары ағылшынның «*calque*» деген сөзінен таратады. Мысалы, О.С.Ахманованы «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» сөз аудару есебінде пайда болған сөз не сөз орамы деп түсінік береді де, оның лексикалық, фразеологиялық, синтаксистік калька деген түрлері болатынын айтты. Осыған ұқсас пікірді І.Кеңесбаев пен Т.Жанұзақов сөздігінен де оқуымызға болады, яғни олар бір тілдегі сөздің мағынасын ауыстыру, көшіру десе [19, 179 б.], Ә.Қайдаров «Калька – орыс не шет тілдерден енген жеке де күрделі терминдерді тұлғалық, мағыналық, құрамдық ерекшеліктерін сақтай отырып өз тілімізге сөзбе-сөз аудару» деген анықтама береді [19, 15 б.], Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде калькаға толығырақ түсінік беріледі. Калька француздың «*calque*» – көшірме, жұқа мата не түссіз қағаз арқылы алынған

Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

көшірме, бір тілден екінші тілге дәлме-дәл аудару арқылы жасалған тілдік бірлік [27, 15 б.]. Сонда кальканың басты белгісі басқа тілдердегі үлгілерді айнытпай ана тіліне көшіру немесе сөзбе-сөз аудару болып табылады. Аударылған кальканың бастапқы тілдегі мағыналық бөлшектері, оның компоненттерінің орын тәртібі екінші тілде түгел сақталуға тиісті. Мұның тағы бір басты ерекшелігі жазба ісінің жанданған тұсында туатындығы. Кальканың үлкен бір қызметі – ұлттық тіл терминологиясын жасауда айқынырақ байқалады.

Алайда тілдегі сөздер мен сөз тіркестерінің бәрі бірдей калька жасауға көне бермейтінін де ескеруге тиіспіз. Сонымен бірге мұның екі түрлі жағдайда пайда болатыны байқалады. Мәселен, бірде басқа тіл сөзінің «сыртқы тұлғасы, морфемалық құрамы тұтас сақталып көшірілсе», енді бірде байырғы сөздерге үстеме мағына жүктеу арқылы жасалады. Осыған орай екіге бөлеміз: 1. лексикалық немесе балама калька; 2. мағыналық немесе семантикалық калька [19, 180 б.];

1. *Лексикалық калька немесе балама калька*: егемен – суверен, шарт – контракт, кесім – акт, дана – экземпляр, жақпа – замазка, жолдау – послание дәрумен – витамин, емтихан – экзамен, пікір – отзыв, жарна – взнос, жоба – проект, делдал – брокер, посредник, қызан//қызанақ – помидор, заңнама//заңдар – законодательство.

2. *Мағыналық калька*, яғни түп сөздің негізгі мағынасын беру. Семантикалық калька болуы үшін, яғни құрылымы да, мағынасы да өзге тілдегі терминнің құрылымы мен мағынасына толық сәйкес келуі керек: *ықшам // шагын – компактный, ақпарат – информация, куәлік – свидетельство, мәміле – сделка, қаржы – финанс, әдіскер – методист, заң жобасы – законопроект т.б.*

Алайда қазіргі қазақ тіліндегі жаңа қолданыстардың қатарында семантикалық калька арқылы жасалғандардың саны бірен-саран. Баспасөз тілі бұл әдіске көп иек арта қоймайды. Оның орнына өзге тілдегі терминдердің «қазақы» баламаларын тудыру үшін басқа амал-әдістерді қолданады, анығырақ, айтқанда, терминдерді, атауларды аудару жұмысында, мағынасы сәйкес келетін лексикалық бірліктерді іздестіреді немесе олардың ауыспалы мағынасын игереді. Бұл жағдайда төл тіл элементтері құрылымы жағынан да, мағынасы жағынан да халықаралық қордағы немесе орыс тіліндегі терминдердің дәлме-дәл баламасы бола алмайды, бірақ өзге тіл терминдерінің қолданылатын орны, тұрмыстың қай саласына қажет екендігі ескеріледі, сөйтіп, олар әртүрлі амалдар арқылы түсіндіріліп, сипатталып беріледі. Осыған орай мағына жаңғыруы, мағына өзгеруі арқылы жасалған жаңа қолданыстардың бір легін семантикалық индукция ықпалымен пайда болған жаңа қолданыстар деп топтастыру орынды. «Индукция» – «возбуждение, наведение» дегенді білдіреді.

Ішкі формасының, мағынасының сәйкес келуі жағынан тіл айналымында терминдік сөз ретінде қалыптаса бастаған лексикалық

Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

бірліктер баршылық. Мысалы, түпнұсқа / оригинал термині үшін/, жолдау /послание/, жоба /проект/: Аудармашы негізгі түпнұсқа тексіне орайластырып, көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштар жаңа сарын-әуез қосып отырады («Егемен Қазақстан», 26.09.2007.3-6.).

Семантикалық индукция арқылы жасалған жаңа қолданыстардың енді бірқатары – орыс тіліндегі -ка, -ник, -ок, -чик тұлғалары арқылы жасалған терминдердің қазақша баламалары. Сөз мағынасының өзгеріп, жаңа атауға қызмет етуіне аффикстік тәсіл, сөз біріктіру, сөз тіркестіру, сөз қосарлау амалдары да жәрдем етеді. Мысалы: салымшы – вкладчик, түймешік – кнопка, қанатша – галочка, суретмәтін – текстовка, сынауық – пробирка, құйғы- воронка, бағбан – садовник, маңдайша – вывеска, іссапар – командировка: Шетелге іссапардың шығынынан басқа ақша алу мүмкін емес («Ана тілі» А.Өмірзақ \ \ Біз жер кіндігі сияқты елміз \ \ 13 шілде, 2007 жыл.

Сонымен неологизмдердің бұл түрі көп жағдайда баспасөз арқылы халық арасына кең тарап, жиі қолданылуына қарай тілдің лексикасына еніп қалыптасып кетеді. Неологизмдер – тарихи категория, өйткені олар тек белгілі бір кезеңге дейін ғана жаңа сөз ретіндегі қалпын сақтайды да, бара-бара қалыптасып тілдің сөздік құрамына енеді.

3. *Сөз мағынасының кеңеюі және тарылуы арқылы жасалған жаңа қолданыстар.* Семантикалық тәсіл арқылы жасалған неологизмдер – сөз мағыналарының тарылуы не кеңеюі арқылы жаңа мағынаны иеленген жаңа қолданыстар болып табылады. Семантикалық тәсіл арқылы жасалған неологизмдер – сөз мағыналарының тарылуы не кеңеюі арқылы жаңа мағынаны иеленген жаңа қолданыстар. Мұндай атаулар қатарына қатарына *жиiek, даңғыл, түлек, нысан, үрдіс, құжат, нарық, тығын, кеден, діл, ағза* т.б. тілдік қолданыстарды жатқызуға болады. Берілген мысалдардағы *ағза, діл, құжат, үрдіс, кеден* бірліктері тіліміздің пассив сөздер қатарын құраған болса, қазіргі тілімізде бұл сөздердің о бастағы мағыналары негізге алына отырып, қосымша мағына телу арқылы жаңа қолданысқа түскен. Ал *тығын, түлек, жиiek, әл-ауқат* сөздері жалпыхалықтық тілде қолданылып жүрген сөздер болса, өздерінің білдіретін мағыналарының біршама өзгеруі немесе жаңаруы арқалы жаңа тілдік қолданыстарға ие болған. Мысалы, *тығын* атауы тілімізде «бөтелке сияқты өңеші тар ыдыстың аузына тығылатын зат» деген ұғымды білдіреді. Бұл сөздің орыс тіліндегі пробка (транспортная) сөзінің баламасы ретінде ұсынылуына сөз мағынасындағы «*тығындалуы, тығылуы*» семалық белгілері себеп болуы мүмкін. Орыс тіліндегі *благосостояния* сөзінің қазақша баламасы ретінде о баста «*игілік*» сөзі қолданылса, кейін келе «*әл-ауқат*» сөзі тұрақты қолданысқа ие болған.

Сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы құбылыстары полесемиямен де тығыз байланысты. Сөз мағынасы кеңейгенде ең алдымен сол сөзді білдіретін ұғымның, атаудың мәні кеңейеді, сөз абстракцияланғанүстіне абстракциялана түседі. Соның нәтижесінде сөздің бұрынғы бірер мағынасына көптеген жаңа мағына қосылады, байырғы сөздің жаңа

мағынасы, әсіресе, жаңа бір тіркес құрамында айқындалып, ашыла, дәлелдене түседі. Кейде осындай қолданыстар арқылы байырғы сөздер терминге айналып кетеді.

Сөз мағынасының тарылуы – кеңеюіне қарама-қарсы процесс. Сөз мағынасының тарылуы, негізінен, адам ұғымының жалпылықтан жалқылықты саралап, даралауынан, заттар мен құбылыстардың ерекшелігін, қыр-сырын айқындай түсуінен, нақтылап дәл білуінен пайда болады. Сөз мағынасының өзгерісі барлық жаңа қолданыстарда ұшырасады. Сондай-ақ сөздердің қосымша арқылы сөз жасау, күрделі сөздердің сөзжасамында да қарастырылады. Көп сөздер өзінің алғашқы мағынасынан алшақтап, жаңа мағынаға ие болады. Бұл сөздердің тарылу үрдісіне әкеледі [28, 134 б.].

Бейтарап реңді, жалпыхалықтық қорда, жергілікті тілде қолданылатын, сондай-ақ араб-парсы тілінен, көршілес түркі халықтарының тілінен енген сөздердің бір қатары жаңа атау жасау, түсінікті қайта атау терминдік жүйені қалыптастыру үрдісіне жан-жақты ат салысады. Осыған орай бірнеше топқа бөліп қарастырдық:

а) Жалпыхалықтық қолданыстағы лексика: *жолақы – проездной, проездная плата; іс сапар – командировка, үлестірмелі кеспе қағаз – разрезные карточки; қызан – помидор; саралқа – редакция, салымшы – вкладчик; дабыл – сигнал, деректеме – реквизит, түбір - корень* т.б. Осы аталғандардың бірқатарының семантикалық дамуына назар аударып көрелік:

Астау – жалпы қолданыста «*малдың су ішіп, жем жеуіне арналған үлкен, ұзын астауды – науа*» десе [23, 7 б.], стоматологияда *науа (тигель)* деп «*пломба жасарда ұнтақ пен сұйықтықты*» бір-бірімен қосып керекті *мареалды дайындайтын, емдік жұмыстар жүргізуге пайдаланатын ыдысты*» айтады [23, 41 б.].

Алдымен жалпы қолданыстағы сөз бен арнаулы саладағы терминнің білдіретін ұғымдарының ұқсас жақтары мен айырмашылықтарын айқындап көрелік. Ұғымдардың пішіндерінде айтарлықтай ұқсастық байқалып тұрған жоқ. Жалпы қолданыстағы науа ұзын, көлемі үлкен болса, стоматологиядағы науаның көлемі шағын, ұзын емес. Қызметтері жағынан бірі малға жем, су беру үшін пайдаланылса, екіншісі – адамның тісін емдеуге қажетті қоспаны дайындау үшін емдік жұмыстар жүргізуге пайдаланылады. Дәлірек айтқанда, олардың басын біріктіріп тұрған жалпылауыш сема – ыдыс семасы.

Дабыл сөзін тілдік қолданыста жиі ұшыратып жүрміз. Бұл алыс қашықтыққа шартты белгі арқылы хабар беру, тарату деген мағынаны береді, Ал дабылдағыш сөзін автокөлікке орналасқан дабыл беретін құрылғы немесе тетік, дабыл беру процесі ретінде қолданамыз. Осы сөздің алғашқы мағынасын ашып қарайтын болсақ:) «жаугершілікте, жорықта, той-думанда халықты бір жерге жию үшін пайдаланатын аспап»; 2) «саусақпен қағып ойнайтын музыкалық аспап» деген ұғымдарды білдірген. Кейін әскери терминологияда дабыл термині төмендегідей бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдарды білдірді: 1) «Әскери бөлімшенің белгіленген мерзімде толық

Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

жауынгерлік дайындықта болуы және алдын ала жоспарланған шепке орналасуы үшін берілетін шартты белгі»; 2) «белгілі бір тәртіптің күшіне енгендігін көрсету үшін берілетін шартты белгі» ретінде қолданылды. Күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген дабыл сөзі мен әскери бөлімшедегімен ұқсастығы екеуі де шартты белгі. Алайда екеуінің мағынасында алшақтық бар. Бірінде шартты белгі алыс қашықтыққа хабар беру, тарату мағынасын берсе, екіншісі белгілі бір тәртіптің күшіне енгендігін көрсету үшін қолданылады [17, 34 б.]

ә) *Араб-парсы халықтарының элементтері. Арба.* Сөз төркінін анықтауда оның түсінігі де жәрдемін тигізеді. «Арба» түсінігі «Түсіндірме сөздікте» – көлікке жегілетін төрт дөңгелекті, екі дертелі тасымал құралы [29, 45 б.] деп берілген.

«Арба» араб сөзі екендігі, оның бұл атауы араб, парсы тілдерінде осыған сәйкес дыбысталатын «дөңгелек» мағынасындағы сөзден туындаған. Кейін сәбилерді қыдыртуға арналған қол арба ретінде жұмсалды. Мысалы, Күйме бесік, әдемі велосипед қашан көбейеді? (ЛЖ, 1984, 17май) Май шуақты мерекенің бір сәтінде біз осында бесік-арбамен келіп тұрған жас ананы сөзге тарттық (Қаз. пионері, 1987, 21 май). Қазіргі таңда алдыңғы *Күйме, бесік* секілді сыңарларынсыз қолданысқа түсті. Мысалы, Серуенге шыққанда баланы күн көзінен көлеңкелеп тұратын арбамен алып жүру керек («Қазақстан әйелдері» № 7 шілде 2005 жыл).

Мәзір. Қолдан келер сый-сияпат, құрмет мағынасын қазір осы сөзбен де жеткіземіз. «Табылған бар мәзірім осы болды. Мейманым риза бол, деді, Ықыласқа» (Үш ғасыр жырлайды). Халық арасында «Бас мәзір, жоқ жағдай» сияқты мәтел де бар.

Қырғыз тілінде бұл сөз «маазир» тұлғасында айтылып, «кешірім, кешіру» мағыналарын білдіреді. Әрине, бұл бірнеше өзгерістерге кез болып, талай сатылардан өткен ауыспалы мағына. Сөздің түп негізі – араб тілі. Оларда «маззе» тұлғалы сөз біздегі «жеңіл тамақ» (закуска) мағынасында қолданылады. «Дастарқан мәзірі» деп жүрген тіркестегі «мәзір» де «тамақ» мағынасын береді [30, 205 б.].

Жаһан// жиһан: жер – жаһан// Жер - жиһан. Берген бе тәңірім саған өзге туыс, Қыласың жер – жиһанды бір – ақ уыс (Абай). Кезердей жер – жаһанның кең көлемін, Жайғасып бір вагонда мен келемін (Ж. Молдағалиев). Парсы тілінде джаһан (жаһан) – әлем, дүние деген сөз. Бұл сөз қазақ тілінде жер, әлем мағынасындағы жер сөзімен қабаттаса айтылып, плеоназм жолымен қос сөз жасап тұр [31, 84 б.]. Қазіргі таңда орыстың глобализация сөзінің баламасы ретінде жаһандану, яғни әлемдену, әлемдік деңгейге көтерілу деген мағынада жұмсалып жүр: Жаһандану бізді жып-жылжымай барлық жерде бірдей, саясаттан экономика үстемдік алатын, ал халық барған сайын өз тағдырына ие бола алмайтын әлемге әкелді («Егемен Қазақстан», 17 қыркүйек, 2002 жыл, 3-б.).

Санат. Екі жақсы бас қосса, Санат емей немене (Бұқар жырау). Бұл араб тіліндегі 1) сәулет, жарасым; 2) ұлылық, дәреже деген сөзінен алынған болу керек [31, 165 б.]. «Санат» сөзі парсыларды «сәнәд» тұлғасында көрініп, «документ» мағынасын білдіреді [30, 243 б.]. Қазіргі таңда санат араб тілінде қолданылған екінші нұсқасы, яғни дәреже деген мағынада қолданылып жүр.

б) Көрінілес түркі халықтарының элементтер. Кейбір ұғым атауларын беруде іргелес орналасқан түркі халықтары тілінің элементтері де пайдаланылады: *астана – столица, үдеріс – процесс, көлік – транспорт, бас жүлде – гранпри, мақтау қағаз – грамота. т.б.*

Астана. Батырлар жырларында, Махамбетте, Шернияз, Нұрым сияқты өткен ғасырларда жасаған ақын жыраулар тілінде *астана жұрт, астана халық* деген тіркестер кездеседі. Мысалы, Махамбетге:

Айғайда белдік байланған,

Астана жұртын айналған.

Нұрым жырауда:

Азын көпке теңгерген,

Астана жұртын меңгерген.

1878 жылғы А. Старчевский құрастырған екі тілдік сөздікте, 1897 жылы Орынборда шыққан «Қазақша-орысша сөздікте» астана жұрт, астана халық дегендерді «көп, сансыз көп халық» деп аударыпты. Л. Будагов бұл сөз түркі тілдеріне парсының астан, астана (табалдырық, есік, сарай) деген сөзінен ауысқандығын айта келіп, қазақ тілінде астана жұрт тіркесі бар екенін көрсетеді де, оны «сансыз көп, зор халық» деп аударды. В. Радлов бұл сөздің әзірбайжан тілінде «табалдырық, сарай, сарай қызметіндегі адамдар» деген мағыналарын барын көрсетеді.

Қазіргі қазақ тіліндегі *астана* сөзінің «белгілі бір мемлекеттің, елдің орталық қаласы» деген ұғымы бұл сөздің парсы тіліндегі «сарай, әміршінің сарайы» мағынасынан алынған болу керек [31, 5 б.].

Көлік. Әр түрлі жұмысқа және жол қатысына пайдаланатын малды осылай айтамыз. «Жауынбай аға, бүгіннен бастап жұмыс көлігіне сіз жауаптысыз» (Б.Майлин, Шығ.).

Ертедегі жазба ескерткіштердің бірінде осы сөздің түбірі «көл» – қазіргі тіліміздегі «жегу» мағынасында қолданған. «Жегу» мағынасындағы «көл» тұлғасы қазіргі кезде сағай, қойбол сияқты түркі тілдерінде сақталған. Ал монғол, тілі сол түбірге өзіне тән -лөх жұрнағын қоса отырып «хөллөх» сөзін тудырып, мағынасы – «жегу» қалпында қала берген. Ал қазақ тілінде ертедегі «көл» етістігіне -ік жұрнағы қосылу нәтижесінде зат есім, басқаша айтсақ, жегілуге тиісті мал мағынасы пайда болған [30, 14 б.]. Қазіргі таңда орыстың транспорт сөзіне балама ретінде қолданысқа түскен: Жолдың қадірін жұрт көлік көбейген сайын біліп жүр гой («Егемен Қазақстан», 10 қазан, 2007 жыл).

Жұлде. Осы жиында Кенен Әзірбаев алып Жамбылмен бірге жұлде алып қайтады. Жұлде сөзінің қазіргі тіліміздегі мағынасы «сыйлық, 3 жұлде

Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

алу – бәйге алу, сыйлық алу. Бұл сөз бурят-монгол тілінде жүлдэ болып айтылады, мағынасы малдың «кеудесі, я басы». Ал бұл тілдегі зүлд сөзі де «малдың жүрегі мен басы деген мағынаны білдіреді» Біздің ойымызша, қазақ тіліндегі бәйге мағынасындағы жүлде сөзі осы монғол тіліндегі малдың басын жүрегін қосып бір мүше қылып атайтын зүлд сөзінен ауысқан болу керек. Сыйлы қонаққа қойдың басын тарту салты күні бүгінге дейін бар. Ал жаугершілік замандарда асқан ерлігі үшін батырларына негізгі мүше ретінде жүрек пен бас тарту салты қазақ арасында да болған сияқты. Сондықтан осы мүшенің аты – жүлде сөзі кейін келе бәйге сөзінен синонимдесіп, үздік адамға беретін сыйлықтың жалпылама атауына айналып, [31, 96 б.] бас жүлде тіркесі ретінде қолданысқа түскен: Көктем аруы – 2004 байқауының бас жүлдесін «Қайнар» колледжінің 1 курс студенті Жазира Қожырбаева иеленді. («Маңғыстау», 2004 жыл, 25 мамыр, 8-бет).

в) *Тарихи лексика*. Қазір өте сирек қолданылатын көнерген сөздер де жаңа сөз қатарын молайтуға үлес қосуда. Мысалы, сондай сирек қолданылатын сөздің бірі – кіреуке. Ертеректе батырлардың жаугершілікте жауға киетін сауытын кіреуке деп атаған болса, қазір медицина ғылымының стоматология сапасында кіреуке (эмаль) деп – «құрамында 96,5 пайыз бейорганикалық заттар және гидроксипатит кристалдары бар, тіс сауытын жаба отырып, дентин мен ұлпаны сыртқы тітіркенуден қорғайтын, беріктігі жағынан кварц пен апатиттің аралығында болатын организмдегі ең берікұлпаны» атайды [17, 106 б.].

Мәртебе. Ұмартөбе сөзінің қатысымен Статус. Ұмар сөзінің негізінде Марапат (Ыстық ықылас; Қошемет) сынды сөздер жатады. Енді Мәртебе + Ұмартөбе құбылысы туралы Бұқар Жырау Ер Абылайға «Алтын тақтың үстінде Үш жүздің басын құрадың! Арманың бар ма, Хан ием, Мәртебелі Төбеге жайладың!» деп қошемет айтады. Шалкиіз жырау Ер Шобан жырында «Хандар шыққан Төбедей!» – дейді. Қазіргі таңда статустық баламасы ретінде қолданылып жүр: Қазақ тілінің мәртебесін көтеруді қағаз жүзінде қалдыруға болмайды («Егемен Қазақстан», 17 қыркүйек, 2002 жыл, 16-б.).

д) Нақты мағыналы сөздердің жалпы мағынаға ауысуы. Нақты ұғым атауынан ауысып, жалпы ұғым атауын беруге қарай ығысып бара жатқан сөздер қатарына мыналарды жатқызуға болады: ақы, қағаз, хат, жай, тану, төл т.б.

Соңғы кездерде *хат*, *ақы*, *жай*, *тану* сөздерінің алдына анықталушы сөздердің қосылуы арқылы жаңа сөздер жасалып, сөз мағынасының кеңеюіне септігін тигізіп отыр. Мысалы, хат сөзі «письмо» негізінде жұмсалып, күрделі сөздің екінші сыңарында тұрып, әр түрлі қызметтік атауларда жұмсалып тұр: *жеделхат* - телеграмма, *жолдамахат* – сопроводительное письмо, *кепілхат* - гарантийное письмо, *сенімхат* – доверенность, *талапхат* – письмо претензия т.б. *ақы* сөзі негізінде: *қаламақы* – гонорар, *жәрдемақы* – пособие, *зейнетақы* – пенсия, *сыйақы* – премия; *жай* сөзі негізінде: *мұражай*

Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

– музей, әуежай – аэропорт, мекенжай – адрес; қағаз сөзі негізінде: жолқағаз – проездной билет, тұсқағаз – обой; тану сөзі негізінде: өсімдіктану – биология, тәнтану – анатомия, дүниетану – мировоззрение, Абайтану, Сәкентану, Мұхтартану, түркітану т.б. жатады.

Жалпы айтқанда, типологиялық тұрғыдан қарастыру жаңа сөздердің белгілі бір сапа – қасиеттері бойынша, ортақ ерешеліктері бойынша топтастырды. Осы арқылы жаңа сөздерді семантикалық тұрғыдан талдау, яғни мағына жаңаруы, кеңеюі, тарылуы, өзге тілдерден енуі деген мәселелерді қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл жаңа сөздердің алғашқы мағынасын, оның өзгерісін немесе басқа мағынада жұмсалғанын ашып көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жаңа қолданыстардың қазақ тілінде дамып, қалыптасуына ХХІ ғасырдағы жаһандану заманына тән инновациялық үдерістер әлемдік тіл жүйесіне қарқынды өзгерістер әкелді. Ол әсіресе икемді әрі өзгермелі сипатымен ерекшеленетін тілдік жүйенің лексикалық деңгейінде айқын байқалады. Соның көрінісі ретінде, қазіргі кезеңде саяси, мәдени және экономикалық салаларда қарқынды жаңарулардың тілдік өрнектері қазақ және түрік тілдерінің лексикалық және сөзжасамдық жүйесінен көрініс тауып, БАҚ беттерінде «неологиялық жарылыс» орын алуда.

Тілімізге кейінгі он жылдықта тек орыс тілінен ғана емес, шетел тілдерінен толассыз сөздер қолданысқа енуде. Жалпы тілдегі терминология саласы қоғамдағы жаңалықтармен үнемі тікелей байланысты болғандықтан, бұл үнемі жаңарып отырады әрі зерттеуді қажет етеді. Айталық, қазіргі қазақ терминологиясында ғасыр басындағы жағдаймен салыстырғанда айырмашылықтар көп, қазіргі кезеңде біздің тілімізде ұлттық терминологиямен қабаттаса ағылшын тілінен енген сөздер де басымдылық ала бастады.

Тілімізге соңғы 15-20 жыл ішінде еніп жатқан жаңа қолданыстардың баспа беттеріндегі қолданысын айқындау жұмысымыздың өзектілігі болып табылады.

Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

Жаңа сөздер орыс тіл білімінде В.В. Веселитский, А.М. Селищев, А.Н. Кожин, Ю. Сорокин, Н.З. Котелова, В.В. Лопатин, т.б. ғалымдар зерттесе, қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Р. Сыздық, А.Т. Қайдаров, Ш. Сарыбаев, Ө. Айтбайұлы, А. Алдашева, Н. Уәлиев, Ш. Құрманбайұлы еңбектерін атап өтуге болады.

Бүгінгі таңдағы қазақ тіліндегі жаңа қолданыстардың жасалуына қоғамдық-әлеуметтік, ғылыми-техникалық күш-ықпалдармен қатар тілдің өз заңдылықтары да себепкер болып отыр. Сондықтан да жаңа қолданыстардың «дүниеге келуіне» жол ашатын әр алуан жағдаяттар мен факторларға – экстралингвистикалық /сыртқы тілдік/ және интралингвистикалық /ішкі тілдік/ факторлар жатады.

Тілден тыс факторлар арқылы жасалған жаңа қолданыстар. Еліміздің егемендік алуы, тіліміздің мемлекеттік мәртебесін иемденуі, сондай-ақ еліміздің Ата заңын және мемлекеттік рәміздерді қабылдауы және елімізде жүргізілген, жүргізіліп жатқан саяси-экономикалық т.б. реформаларға байланысты қазақ баспасөзі жаңа сөздер, жаңа қолданыстармен байи түсті.

Ішкі тілдік факторлардың әсері арқылы жасалған жаңа қолданыстар сөз тудыру тәсілдері арқылы, сөздерді басқа тілдерден алу, ауызекі сөйлеу тілінен т.б. арқылы дүниеге келген.

Баспасөз беттерінде қолданысқа түскен жаңа сөздерді *қоғамдық-саяси лексика, әр түрлі ғылым салаларына, мәдениет пен оқу-ағарту ісіне, жаңа пайда болған мамандық атаулары, күнделікті тұрмысқа қатысты* деп лексика-семантикалық топтарға бөліп қарастыру әр түрлі салада болып жатқан тілдік құбылыстарға, фактілерге шолу жасап қана қоймай, сонымен қатар лексикалық жүйенің мәнді белгілерін объективті түрде тануға мүмкіндік береді.

Тілдің сөздік қорын үздіксіз байытып, толықтырып отыру негізінен, тілдің ішкі мүмкіндіктерімен, заңдылықтарымен байланысты. Басқа тілдерден сөз қабылдау арқылы да тілдің сөздік қоры байып отыратыны белгілі. Алайда, сөз байлығының толығы арнасы – тілдің сөзжасам жүйесі, оның ішінде сөзжасам тәсілдерімен тікелей байланысты.

Жаңа қолданыстардың жасалуына сөзжасамның үш тәсілі де қолданылды. Олардың ішінде синтетикалық тәсіл жаңа сөз жасауда өнімді қызмет атқарды. *-шы/-ші, -м, -ым/-ім, -лық/лік, -дық/дік, -тық/тік, -нама/-дама, -гер/-кер, -ма/-ме, -па/-пе, -хана, -ыс/-іс, -ақ/-ек* т.б. жұрнақтар арқылы жаңа қолданыстар жасалып, тілімізді байытты.

Ал аналитикалық тәсілде сөз қысқарту, қосарлау, тіркестіру, сөз қосым арқылы жаңа қолданыстардың жасалғанын байқадық.

Тіл тазалығына көңіл аударып, болашағына бағыт-бағдар беріп, қазақ тілінің деңгейін көтеру үшін тіліміздегі жаңа сөздің дұрыс жасалуы мен тұрақты мағынада қолданылуының маңызы өте зор. Қоғамның саяси-мәдени өміріндегі ірі өзгерістерге және көптеген терминдердің қазақша баламасымен берілуіне байланысты кейбір сөздер жарыспалы түрде әртүрлі нұсқалармен

Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

қолданыла бастады. Мысалы: *шегерім/жеңілдік – скидка; үрдім/үдеріс – процесс; нәруыз/ақуыз – белок; қой ауру/мешел – рахит; шағынаудан/мөлтекаудан/шағын мөлтекаудан – микрорайон*. Сондықтан алдағы уақытта тілшілер қауымы кірме сөздердің қабылдануы мен оларды ұлт тілінде жазудың біркелкі жүйесін, ғылыми негізделген жалпыға ортақ ережелерін қалыптастыруы тиіс деп ойлаймыз.

Қазіргі қазақ әдеби тілде лексикалық құрамды төл сөздің өз мүмкіншіліктерінің көмегімен байыту нақты бір үрдіске айналып отыр. Осы бағыт-бағдар арқылы әртүрлі күрделі атаулардың «қазақы» баламаларын жасау, калька және жартылай калька әдісін пайдалану тәрізді ерекшеліктер байқала бастады.

Жинақталған жаңа сөздерге семантикалық талдау жүргізу нәтижесінде және өзге де межелерді басшылыққа ала отырып, жаңа қолданыстарға семантикалық сәйкестік, сөзжасам жүйесіне сәйкестігі тұрғысынан талдау, саралау, әсіресе байырғы төл сөздердің мағына жаңаруы, мағыналық өрісінің кеңеюі немесе тарылуы арқылы қолданысқа түскен атаулар үшін семантикалық сыйымдылықты – ұғымдардың, заттардың негізгі сапа белгілерін жеткізе алатын қабілетін ескеру өте қажет.

Ал сөз мағынасының өзгеруі арқылы пайда болған жаңа қолданыстардың саны едәуір. Бұл үрдіске жалпытілдік элементтер де, кәсіби лексика да, архаизмдер мен тарихи сөздер де ат салысады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақ газеті. – Алматы, 1998, 562 б.
2. Новые слова и словари новых слов. – Ленинград, 1978, 184 с.
3. Алдашева А., Сарыбаев Ш., Уәлиев Н. Жаңа атаулар. – Алматы, 1992, 128 б.
4. Алдашева А. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. – Алматы, 1985, 136 б.
5. Алдашева А. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. – Алматы, 1990, 136 б.
6. Лопатин В.В. Рождение слова. – Москва, 1973, 152 с.
7. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов (Өмірі мен қызметі туралы) // Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б. 8-30.
8. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
9. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өңд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
10. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.

Ф УЕ 203-04-2022 Дипломдық жоба

11. С. Елубай. Алаш зиялылары және терминтану.
12. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 288 б.
13. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы, 1971. – 187 б.
14. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1989. – 192 б. К.
15. Жұмағазина Р. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мерзімді басылымдар тілінің ерекшеліктері: фил.ғыл.канд. ... автореф. Алматы, 2009. – 24 б.
16. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми танымдық зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 272 б.
17. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі. – Алматы, 1998. – 250 б.
18. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері // Вопросы казахского языкознания. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2000. – 624 б.
19. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988. – 159 б.
20. Бүркітов О. Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1996. – 25 б.
21. Қадырқұлов Қ. Жаңа сөздер мен жаңа сөз қолданыстардың айырым белгілері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2012. – №1. – Б. 127-130.
22. Әбдірасілов Е. Қазақ терминографиясының жүйесі. – Астана, 2005. – 208 б.
23. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөдігі//тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет. – Алматы, 2002, 252 б.
24. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002, –784 б.
25. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996, 240 б.
26. Айтбайұлы Ө. Бірінші халықаралық түркология конгресі//Термин қалыптастыру принциптері және оның мемлекеттік тілге қатысы. Түркістан, 2002,168 б.
27. Қалиев Ғ. Тілі білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2005, 440 б.
28. Аханов К. Тіл білімі.– Алматы, 2003 -416 б.
29. Түсіндірме сөздік, 1-том. – Алматы: Жазушы,1959. – 337 б.
30. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994, 304 б.
31. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы, 1966, -240 б.

